

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫҚ ҰЛАНДАРЫ



**АДАМЗАТТЫҢ
АСЫЛЫ ЕДІ
ҚАНЕКЕҢ**

2-бет

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ



**ҚАСҚЫР –
БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ
КОДЫМЫЗ**

5-бет

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**ЖАҢА ОБЛЫС.
ОҢ мен СОЛ, БАР мен ЖОҚ**

6-7-беттер

Мұқамбет КӨПЕЕВ:

ПРЕЗИДЕНТТИҢ ӘДІЛ ШЕШІМІН САН-САҚҚА ЖҮГІРТПЕЙІК

Ұлытау облысы ашылатыны белгілі болғаннан бері Жезқазған аймағы араның ұясындай гүлдеп тұр.

Біреуі «Мен осылай боларын білгенмін» десе, келесісі «Ана жолы мен үйткесін, бүйткесін Президент облысты ашты»

деуге барып, үшіншілері «Несін айтасыңдар облысты аштырған пәленше деген дөкей екен» десін, желдей есіп жеңістік бермеуде.

Тағы бір бәрін білгіш топ ашылғалы тұрған облысқа күнде бір мықтыны әкім етіп қоюмен күндерін көңілді өткізіп жүр.

Және әрқайсысының резервінде бір-бір әкім бар болып шықты. Айтып отырса сол кандидат әкім болып келсе ғана облыс гүлденетін

көрінеді. Онысы бұрын да қарап жүрмей ашылуы ықтимал облысқа сырттай-ақ ешкімге білдірмей көп жақсылық жасаған екен-мыс.

Аузын ашса болды ауыз әдебиетін дамыта жөнелетін қазекемнің мұндайда алдына қара сала қоймайтыны бесенеден белгілі.

Бір қызығы әлгіндей аңыз атқарылған әлдебір жақсылықтың жалына жармаса кетіп «иә, оны мен істеп едім» дегенді

сыбырлы сыр етіп таратып жүрген кей үміткердің үкісінің ұшы қылтырып та қалған сияқты. Қой онысы ұят-ты...

Оқырмандарымызға салықалы сөз, парасатты пікір жеткізу мақсатында аймағымыздың атын алашқа әйгі еткен азаматымыздың

бірі, облыстық және орталық органдардың басшылары қатарында болған Мұқамбет Жұманазарұлы КӨПЕЕВ ағамызды

әңгімеге тарттық.

– Ал аға Сізге неге хабарласқанымызды

өзіңіздің де ійіңіз сезіп отырған шығар. Биылғы

аз Наурыз аймақ жұртына ерекше тарту жаса-

ды. Бұл хабарды қалай қабылдадыңыз?

– Жезқазған-Ұлытау аймағы туып, өскен, азамат

болып атқа мінген жеріміз болғандықтан оған

қашанда тілеулес болып жүретініміз анық. Ал енді

сол туған еліміз жүрегі жарыла қуанып жатса,

біз қайтушы едік? Әрине, қуандық! Әйтеуір облыс

ашылды деп қана емес, шалғайдағы аймақты өр-

кендетіп, дамытудың зор мүмкіндігі пайда болған

шына шүкір дестік. Шынын айтқанда қызмет бабы

арқылы тұтас қазақ елінің жанкүйерлеріне ай-

налған адам ретінде Ұлытау облысының ашылған

шына қалай қуансам Абай, Жетісу облыстары ту-

ралы қабылданған шешімге де соншалықты шат-

тандым. Осы жерде айта кетейін. Қазіргідей күр-

делі кезеңде үш бірдей облысты ашуға тәуекел ет-

кен Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл

қадамы нағыз ерлік. Мен ол кісінің қарамағында

қызмет атқарған адам болған себепті Қасым-

Жомарт Кемелұлының терең білімді, ары мен ко-

лы таза әрі аса мемлекетшіл жан екенін білген-

діктен мұндай шешім қабылдаудың заңдылық деп

бағаладым. Ол осы жылдың өзінде елдің тәуел-

сіздігі, берекелі тұрақтылығы үшін қандай да бол-

сын қиын қадамға бара алатынын баршаға дәлел-

деді. Тарихымызға «Қасіретті қаңтар» деген атпен

таңбаланып отырған оқиға кезінде де Қасым-Жо-

март Кемелұлы зор жауапкершілікті тікелей өзіне

алып, Тәуелсіздігіміздің сақталып қалуын мүмкін

етті. Оны бүгінде әр қазақстандық түсінді деп ой-

лаймын. Мына облыстарды ашу туралы мәселе

де мылтықсыз майданға бергісіз дүние ғой. Бұл

жолы да қажетті шешім қабылданды. Бұл қадам

аймақтардың дамуын арттыру арқылы респу-

бликамыздың дамуына тың серпіліс беретін болады.

Оны ертең-ақ өздеріңіз де көресіздер. Блайым со-

лай болсын.

– Өзіміз қуанып жатқан соң күллі әлем маз-

болуда деп ойлағанымыз зой кейде. Сіздіңше қалай?

– Қазіргі қоғамда мемлекет тұрғысынан ойла-

ну мәселесінің аясы тарылғандай көрінеді кейде

маған. Әр топ немесе әр аймақ, облыс тек өзіне

жасалған жақсылықты ғана бағалап, басқаның

басына қонған баққа қуана алмаса, Отанымыз,

Қазақстан Республикасы қалай гүлденбек? Қа-

зақстан біртұтас организм. Оның бір шетіне шөгір

кадалса, тұтас денесі тітіркеніп, бір шетінде той

болса, барша қазақстандық қоса қуану керек деп

есептеймін. Сол себепті көпшеңділердің көшесіз

астанасы атанған киелі Ұлытаудың аты берілген

облыстың ашылуы ортақ қуаныш әрі ортақ жауап-

кершілік. Жабылғанына ширек ғасыр болған об-

лыс деген шынына тілгенде жаңадан құрылған

мен бірдей. Оны тиісті деңгейге жеткізу үшін

орасан зор қаржы, уақытпен санаспайтын еңбек,

білікті кадр, ең бастысы жалпы жұртшылықтың

жаппай қолдауы, түсіністігі керек. Қайталап ай-

тайын осындай шешім қабылдау арқылы Прези-

дент зор тәуекелге барды. Олай болса ел басшысы-

ның адал ниеті, әділдікті қалпына келтіруге деген

ұмтылысын сан-саққа жүгіртіп, талқы талапайына

сала берудің жөні жоқ. Жақсылыққа бағытталған

шешімнің жүзеге асуына жасампаздық, жарқын

көңіл-күймен кірісу керек. Сонда оң нәтижеге

жететін боламыз.

– Жалқыға байланбай, жалпыны ойлау

Сіздей біліктің жоғары сатысында қызмет

атқарған азаматқа жарасады зой аға. Шын

мәнінде қолыңыздан келгенін қай аймақтан

болсын аймағаныңыз аян. Жезді халқын Арал

апат аймағына берілетін көмек, жеңілдікке

іліндіреңізініз елдің есінде. Ұлытау ауданы бюд-

жетінің тоқсан пайызын құрап отырған Құм-

көлде мұнай өндіруші компаниялардан түсетін

жер және мүлік салығын да бері қарай бұрған

Сіз деп айтады көпшілік. Осы әрекетті өзелер-

ге телушілер де бар...

– Қашанда оң шешілген шаруаның шалғайына

жармасатындар табылады ғой. Ол бір экономика-

ның қиындықты басынан кешіріп жатқан күндері

еді. Бізде ғана емес, Кенес Одағының құрамынан

бөлініп шыққан елдердің бәрі басынан кешірген

кеп бұл. Әсіресе, Ұлытау сияқты орталықтан оқ-

шау, Астанадан алыс аудандар қаржы қыспағында

қалды. Ұлытау аудан болғанымен ұлт тарихын-

дағы орнына байланысты ісі қазақтың қадір

тұтып отырған киелі аймағы. Қалжыраған халін

көріп көп ойландым. Ойлай келе Құмкөлдің негі-

зінен Ұлытаудың аумағына кіретінін қаперге ал-

дым. Заң талабы бойынша жаңа аталған екі салық

түрінің ауданға берілуіне еш кедергі жоқ. Осы-

ны сол кездегі үкімет басшысының орынбасары

А. Павловқа түсіндіріп, басқа да тиісті органдар-

дың келісіміне қол жеткіздік. Сол оң шешім күні

бүгінге дейін өз жемісін беріп келеді. Бұл 1997

жылы болған шаруа. Оған кімдердің иелік еткісі

келіп жүргенін мен білмеймін. Мәселенің шешілуі

осылай болған.

Ал, жаңағы өзің айтқан Арал апатты айма-

ғының тұрғындарына берілетін жеңілдіктерге

жезділіктерді де іліндіру 1996 жылы атқарған жұ-

мысымының нәтижелі бөлігінің бірі ғана болатын.

– Қазір қызу талқыланатын мәселенің

бірегейі облыс аумағына байланысты. Ол тура-

сында не айтар едіңіз?

– Бұл мәселені дау-дамайға айналдыру маңағы

айтқан мемлекеттік масштабта ойлана алмаған

жандардың әрекеті ғана деп білемін. Сонау 1997

жылдан бері облыс орталықтары қайта ашылса

деп сұрап келе жатты бірнеше өңірдің тұрғындары.

Ақыры күдерлерін үзерменге келгенде мем-



лекет басшысы халықтың үніне құлақ асатын

мемлекет құру ұстанымына адалдық танытып

тағдыршешті шешім қабылдады. Мыңдаған жан-

дар жүректері жарыла қуануда. Енді келіп жеке-

леген белсенділер ана аудан анда барсын, мына

қала мұнда қалсын дей берсе не болады? Жолда-

уда Президентіміз «Бұрынғы облыс аумағында

құрылсын» деп анық айтты. Осы сөзге тоқтауы-

мыз керек. Қазір шифрландыру тетігінің мүмкінді-

гі өте зор. Аса бір қажеттілік болмаса бұрынғыдай

сабылып жолда жүрген ешкім жоқ. Компьютерлік

сауаттылығы арттырған кез келген жан мемлекеттік

қызметтің тоқсан пайызын үйінде отырып ала

алады. Пандемия жағдайында өмір сүрген

соңғы екі-үш жылда оған көзіміз анық жетті емес

пе? Облысты былай қоя тұрып мемлекетаралық ең

жоғары деңгейдегі жиындардың өзі онлайн өтіп

отырған заманда бұл мәселені тілге тиек ету ар-

тық.

– Көп нәрсе бірінші басшының мәселені ше-

ше алуына да байланысты ғой. Осы орайда об-

лыс басшылығына келетін адамның бойында

қандай қабілет болу керек деп ойлайсыз?

– Жалпы басшы болатын адамның сегіз қыр-

лы, бір сырлы болуын армандайтын халықпыз.

Ұлытау облысының аумағында «Қазақмыс кор-

порациясы» сияқты алпауыт кәсіпорын бар. Сол

себепті облыс басшысы өндіріс пен экономика-

дан хабары мол, тәжірибелі болса жөн. Бұрын да

облыстық деңгейде, республикалық масштабта

қызмет атқарған болса нұр үстіне нұр болар еді.

Бұл мәселеде де айтарым облыс басшысын ұсы-

ну Президенттің күзіретіне жатады. Сондықтан

да мемлекет басшысы тандаған кандидатураны

қолдап, келген басшыға қосшы бола білсек одан

баршамыз да ұтар едік. Ұлытау облысын ашып

отырған Қасым-Жомарт Кемелұлының өзі. Ендеше

Президентіміз облыстың тағдырын лайықты

тұлғаға сеніп тапсырды деп ойлаймын. Жұрт-

шылықтың да осы ойға табан тіреуітініне күмәнім

жоқ. Кім келсе де ағалық көңілмен тілектес бо-

латыным анық.

Сұхбаттасқан Әнуар ОМАР.

Ұлытау облысы құрылады деп өңір жұрт-

шылығының қуанышында шек жоқ.

Баяғы қырық тоғыз жыл бұрынғы жағ-

дайды еске алып жатқандар да бар. Рас Жезқазған

облысы құрылғанда өңіріміздің дамуына оң се-

рпіліс әкелді. Облыс ашылған кезде біраз ғимараттар

салынып, қаламыз көркейіп, әдеміленіп сала берді.

Автокөлік жолдары жөнделіп, әуежай салынды,

жоғарғы оқу орындары ашылды. Облыс орталығы

болу жөне одан айырылу әрине, екі бөлек дүние.

Бірақ негізі біздің екі қаламыздың өсіп-өркенде-

уіне, жалпы өңіріміздің дамуына септігін тигізген

Жезқазғанның мысы. 1973 жылы Жезқазған об-

лысы құрылған кезде Жезқазған мен Сәтбаевты

күрт дамытқан екі ірі кәсіпорын болды. Бірі мыс

алыбы Жезқазған кен-металлургия комбинаты мен

«Қазмысқұрылыс» тресі. Жезқазған мен Сәтбаев

қалаларының барлық шахталары мен өндіріс меке-

мелерін, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді

комбинаттың тапсырысымен құрылыс тресі салды.

Екі кәсіпорын екі бөлек министрлікке бағынса да

барлық жұмыстар осы Жезқазғанның мысының

ақшасына салынды. Шамамен ойлап қарайықшы.

Мысалы Сәтбаев қаласы (Никольский поселкесі)

1965 жылдан бастап, бас-аяғы бес жылда салы-

нып, қала болды. Жезқазған қаласы да осы жылда-

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру үшін сырғаларды сатып алу функциясы жергілікті атқарушы органдарға берілмек

Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашоқеев Үкімет сазатында мәлім етті.

Тағы бір маңызды мәселе ЖАО-ның жоспарлы вакцинациялауды сәйкестендіру және жүргізу бойынша тиімсіз жұмыс болды. Оларды сатып алу бойынша конкурстық рәсімдердің ұзақтығы, сондай-ақ оларды әкімдіктерге беру кезіндегі бюрократиялық жағдай және жоспарлы ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды өткізу мерзімдерінің бұзылуына, бұл сонымен қатар жауапкершіліктің төмендеуіне әкеледі. Мәселен, 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасында (АШЖБ) 33,3 млн бас тіркелді, оның ішінде: ІҚМ 8,3 млн, ҰҚМ 20,6 млн, жылқы 3,4 млн, шошқа 649 мың және түйе 250 мың бас.

«Алайда өңірлерге құлақ сырғаларының уақытылы жеткізілуіне байланысты АШЖБ төлдерді тіркеу 2020 жылы жүзеге асырылғанды, осыған байланысты министрлік жасыл дәлізді іске қосу арқылы оларды тіркеуге мәжбүр болды. Нәтижесінде 2021 жылдың наурыз-мамыр аралығында қосымша 1,1 млн бас тіркелді», – деді министр.

Ведомство басшысының айтуынша, қолданыстағы сәйкестендіру жүйесі жасыл дәліз шараларын үнемі жүргізуді қажет етеді. Бұл ретте реформадағы кемшіліктерді жою үшін бірқатар функциялар өзгертіледі.

«Осы жүйенің кемшіліктерін жою мақсатында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру үшін сырғаларды сатып алу функциясын жергілікті атқарушы органдарға беру, аудандық деңгейде АШЖБ дерекқорына түзетулер (өзгерістер) енгізу, түзетулер (өзгерістер) енгізуге арналған алгоритмді және растайтын құжаттар тізбесін бекіту, сондай-ақ тіркелмеген мал басын заңдастыру мүмкіндігі мақсатында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру және дерекқорды жүргізу жөніндегі нормативтік актілерге бірқатар өзгерістер енгізу, АШЖБ мобильді нұсқасын іске қосу көзделген», – деп атап өтті Қарашоқеев.

Министр дәрігерлердің құқығын қорғауда қандай өзгерістер болатынын айтты

Үкімет отырысынан кейін БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берген ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният медицина қызметкерлерінің құқығын қорғау туралы заң жобасындағы басты нормаларды атады, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Министрлік медицина мамандарының құқығын қорғау туралы заң жобасын әзірледі. Заңның өзі өте кешенді. Дәрігердің мәртебесі, жалпы медицина қызметкерлерін әлеуметтік, материалдық қолдау мәселелерін көтереді. Сондай-ақ, медицина қызметкерлерін әлеуметтік сақтандыру мәселесі де қозғалған. Медицина қызметкерлерінің қорғауда болуын, медициналық инциденттер үшін дәрігерлер қылмыстық жауапкершілік арқаламауын қарастырған. Ол үшін әрбір медицина маманы, тек дәрігер ғана емес орта медициналық қызметші де өзінің кәсіби қызметін сақтандыру компаниялары арқылы сақтандыратын болады», – деді ведомство басшысы. Заң жобасы бойынша, емделуші мен медицина мамандарының арасында дау туындаса, ол әуелі медиация аясында қаралуы керек. «Медициналық инцидент туындаған жағдайда ауруханалардың жанынан емделушілерді қолдау орталықтары жұмыс істейді. Сондай-ақ, емделушінің шағымы немесе өтініші медиация арқылы қаралады. Медиация аясында келісім болмаған жағдайда бұл істер сақтандыру компанияларына түседі. Сол компаниялар денсаулыққа келтірілген залалды өтеп береді», – деді Ажар Ғиният.

«Азаттық рухы», «ҚазАқпарат» сайттарынан.

МИБ БОЛМАСАҢ, ЖС БОЛАСЫҢ

Пәтер иелері кооперативінің жұмысы 1 шілдеден бастап тоқтайды. Сол себепті жезқазғандықтар көппәтері тұрғын үйлердің басқару түрін меншік иелері бірлестігіне немесе жай серіктестікке ауыстыру қажет. Бұл туралы тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Аліса Сағымбаева БАҚ өкілдерімен өткен кездесуде толығырақ тарқатты.

Қаламызда 655 көппәтерлі үй бар. Оның 486-сы МИБ пен ЖС екеуінің бірін таңдауы шарт. Аталған заңнама іске қосылысымен тұрғын үй инспекциясы бөлімінің мамандары үйлерді аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Нәтиже де жоқ емес. Бүгінге дейін 7 көппәтерлі тұрғын үйде МИБ құрылса, 279-ы ЖС-ны таңдаған. Ендігі кезекте қалған 200 тұрғын-үй жазға дейін таңдауларын жасауы қажет.

– Осыған дейін тұрғын-үйлерге ПИК қызмет көрсетті. Бұрынғыға карағанда ПИК жұмысының біршама жақсарғаны рас. Дегенмен, тұрғындар тарапынан шағым таусылған емес. Бір күннің ішінде ПИК-ке қатысты кем дегенде 6-7 шағым тіркеледі. Міне, осындай оқшылықты тоқтату мақсатында МИБ пен ЖС басқару формасы енгізілді, – деген Аліса Сағымбаева жазда жүргізілетін жылыту маусымына дайындық, тазалық жұмыстары белгіленген ретпен өтуі үшін тұрғындар тез арада шешім қабылдауы қажетін еске салды. 1 шілдеге дейін ешқандай басқару формасын таңдамаған тұрғындарға заңды тұрғыдан арнайы жаза қарастырылмаған. Дегенмен, мұндай жағдайда тұрғын-үй инспекциясы бөлімі ПИК-терді

сотқа беріп, өкілеттігін тоқтатады. Демек, мұндай тұрғын-үйлер басқару формасын өз-өздері қалады. Бұл тұста ең бірінші кезекте жылыту маусымына дайындық жұмыстары жүргізілмейтіндігі қиындық тудыратыны жасырын емес.

Әлі де 200 үй тұрғындарының ПИК-тен бас тартуға қарсылық танытып отырғанының басты себебі – жауапкершіліктен қашу екенін алға тартқан Аліса Сүтбайқызы, МИБ-ке де, ЖС-ға да қажетті тоқсандық және жылдық есептер үлгісі өз бөлімінде барын және бұл жұмыстар айтарлықтай қиындық тудырмайтындығын жеткізді.

Осы тұста: «Меншік иелері бірлестігі мен жай серіктестіктің арасында нендей айырмашылық бар?» – деген сұрақ туындауы орынды. Мысалы, МИБ заңды түрде тіркеледі. Оны құруға тұрғын-үйдегі белсенді тұрғындар арасынан кем дегенде 3 адам төрағалыққа сайланады. Бұл үшін пәтер иелерінің 50 пайыздан астамының келісімі болса болғаны. МИБ үшін екі есепшот ашылады. Оның біреуі – ағымдағы болса, екіншісі – жинақтық. Ағымдағы шот есебінен күнделікті тазалау, жинау, жуу қызметтеріне қаржы



бөлінеді. Ал жинақтық шотқа ұзақ мерзімді жөндеу жұмыстары үшін қаржы жиналады. МИБ қызмет көрсетуші мекемелермен келісімшартқа отыра алады. Сондай-ақ, МИБ басқарушысы төлемдік шоттарға қаржы аудармай отырған тұрғындарды көре алады. Есепшотқа ақша аудармайтын тұрғындар үстінен 3 рет ескерту берілгеннен кейін, сотқа шағымдануға болады.

Ал жай серіктестік құру үшін тұрғындардың 100 пайыздық келісімі болуы тиіс. Жай серіктестік заңды тұлға ретінде тіркелмейді. Бұл форманы таңдаушылар басқарушы сайлайтын болса, оған сенімхат беруі міндетті. Жай серіктестікті таңдаған тұрғындар өз үйлерінің қамы үшін ағымдық шот аша алады, бірақ жинақтық шот ашу мүмкіндігі жоқ.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

МТ

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН!

ЖЕЗҚАЗҒАННАН 130 ШАҚЫРЫМ ШЫҚТЫ

Қазақстанның барлық аймағын жаяу аралап шығуды мақсат еткен 72 жастағы ұлытаулық ақсақал Сәрсенбай ҚОТЫРАШОВ Жезқазған қаласынан Қызылорда облысына бетке алып 130 шақырым ұзап шықты.

– Сәрсенбай ақсақалдың жағдайы жақсы. Алдын ала жоспарлағанындай ол күніне 40 шақырым жол жүріп келеді. Сәрсенбай күні ол Жезқазғаннан 130 шақырым ұзап шығып, далада қонды. Ауа райы да біздің жиһангезімізге қолайлы жағдай туғызып тұр, – дейді өлкетанушы һәм осы сапардың қолдаушысы Бақтияр Қожахметов.

Сәрсенбай Оспанұлының айтуынша күре жолдың бойында ағылып жатқан машиналар

да жиһангезге жолығып, жағдайын сұрап, сапарына сәттілік тілеп жатады екен. «Мұның бәрі менің жапан далада жалғыз жортуыма үлкен қолдау және демеу» – дейді Сәкен.

– Алла сәтін салса белгіленген күні жиһангез қария Қызылордаға жетпек. Бұл жақта оны қалың ел тағатсыздана күтіп отыр. Арнайы көрме ұйымдастырып, елдің жиһангезбен жүздесуі де жоспарланған, – дейді Бақтияр Қожахметов бізбен әңгімесінде.

Естеріңізге сала кетейік, сәуір айының бірі күні «Ұлытау» тарихи-табиғи мұражайының ардагері, қолөнер шебері, өлкетанушы Сәрсенбай Қотырашев Ұлытаудан жаяу сапарға шыққан болатын. Ол осы сапары арқылы елге Ұлт ұясы – Ұлытауды таныстырып, оның тарихи, табиғи ерекшеліктерін насихаттамақ.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

СҮЙІНШІ!



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОҚУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

2022 жылдың 1 сәуірінде М. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей), Карабюк университеті (Түркия), Браганса политехникалық институты (Португалия), Халықаралық ақпараттандыру академиясы (Қазақстан), Білім сарапшыларының Қазақ лигасымен бірлесіп «Педагогикалық білім беру – ел өркендеуі мен тұрақтылығының негізі: жаңа мүмкіндіктер және заманауи трендтер» атты Дулати Халықаралық педагогикалық оқулары болып өтті.

Осы жобаға Жезқазған қаласы №4 ЖББМ химия пәнінің мұғалімі Бахытжан Рыспапбетов та қатысып, «Жезқазған қаласының экологиясы» тақырыбы жобасында жүлделі I орынмен марапатталса, осы мектептің 11 «В» сынып оқушысы Екатерина Нигай «Получение флюквантов из отходов кубовых остатков фурановых соединений и производства полиакрилонитрильного волокна» жобасын сәтті қорғап, жүлделі I орынды жеңіп алды.

Өз тілшіміз.

ВИРТУАЛЬДЫ ВАЛЮТА БАЙЛЫҚ ЖОЛЫ МА?

компьютерлік есептерді шешу арқылы майнинг жинау оңай еді. Кейіннен майнерлер саны көбейгендіктен бұл үдеріс күрделене түсті. Қазіргі таңда майнингпен айналысу үшін мықты компьютер мен процессор қажет. 2016 жылға дейін әр он минутта 25 биткоин өндірілсе, 2016 жылдан 2020-ға дейін 12,5 биткоин, 2020-дан бастап 6,25 биткоин өндірілген. 2024 жылы бұл көрсеткіш біршама азаяды деп отыр. Яғни, бұл жылдары барлық компьютерлік есептер шешіліп бітеді. Дегенмен, бұдан майнинг құнын жоғалтпайды. Ол тұс оның бағасы тіптен шарықтап кетеді деп күтілуде.

Биткоинмен біраздан бері айналысып жүрген жандардың бірі – Нұрсұлтан Әмре. Өзіме таныс емес дүниенің анық-қанығын сұрап білу үшін оны сөзге тарттым.

– Біздің менталитет әлі де майнинг деген нәрсеге аса дайын емес. Дегенмен, жастар арасында майнингпен айналысушылар саны артып келеді. Қысқаша түсіндіргенде, биткоин дегеніміз – шетел валюталары секілді. Тек ол – виртуальды әлемдегі ақша. Мысалы, алғашында биткоин бағасы 4 доллар ғана тұратын. Қазіргі күнде 45 299, 84 долларды құрап отыр. Бұл дегенің – бір биткоин теңгемнен 21 178 897, 74 соманы құрайды деген сөз. Бұл қаншама ақша. Мен биткоинмен айналыса бастағанда бүгінгіден әлдеқайда аз тұтқын. Биткоин құны жыл сайын артуда. Теңге құлдырағанда долларға алмастырып аламыз ғой. Бұл да сол сияқты. Тек электронды түрде. Нарыққа байланысты биткоин бағасы да біресе азайып, біресе көбейіп тұра-

ды. Көбіне білікті майнерлер биткоин құлдырағанда сатып алып, көбейгенде долларға айналдырып алады. Қазірдің өзінде әлем елдерінің біразы төлемді майнингпен қабылдауға көшіп келеді. Қазақстанда биткоинды Алматы қаласындағы екі жерде ғана қолданады. Сол арқылы ішім-жем тамағынды төлей аласың. Меніңше, болашақта қазіргідей болмайды. Әлем халқының барлығы дерлік виртуальды ақшаны қолданыса енгізеді. Біз бірте-бірте соған келе жатырмыз. Сол себепті майнингтен қашудың қажеті жоқ, – деген ол тек майнер атын жамылып, алаяқтық жасайтындардан сақ болуға, нақты жіті тексермей басты бөйгеге тікпеуге шақырды.

Майнинг жасау үшін көп көлемде электр энергиясы қажет. Жүздеген құрылғыдан тұратын майнинг өндірісі үшін тоқ қуаты – шығынның шығыны. Осы тұста жыл басынан бері заңсыз түрде электр энергиясына жауапты мамандарымен ауыз жаласып, жасырын түрде майнинг өндіріп жатқандарды көріп жүрміз. Елімізде майнингке тыйым салынбағанымен, Мемлекет басшысы заңды белшесінен басып, бармақ басты, көз қыстылыққа салынғандардың жолын кесуге тапсырма берді.

Жаңашылдықтан қашпақ емеспіз. Қай кезде де заман көшіне дер кезінде ілесу білу аса маңызды. Дей тұрғанмен, оңай олақ қыламыз деп опық жеп қалма-сақ болды...

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

Қаныш СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 123 ЖЫЛ

Халқымыздың асыл перзенті, атақты геолог, академик, Қазақстанның ғылым ордасының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күні де көктемнің шуақты айымен бірге келіп жетті. Атамның осы мерейлі тойы қарсаңында мен де бір ой толғанды жөн көрім...

АДАМЗАТТЫҢ АСЫЛЫ ЕДІ ҚАНЕКЕҢ



«Қажет болса тіршіліктің барлық жақсы күйінен бас тартып, Қазақстан кирында «кезбе» болып, өмір бақи кен іздеуге әзірмін» – деген екен Қанекен сонау 1927 жылдары әйеліне жазған хатында. Кең байтақ Қазақстанның өзге өңірлерін былай қойғанда, ғалымның Жезқазған төңірегінде аяқ баспаған жері аз шығар. Қарсақбайға отызға толар-толмаста геолог болып келіп, 1941 жылы Алматыға ғылыми жұмысқа ауысқанға дейінгі 15 жылда Ұлытау-Жезқазған аймағында қазба байлықтарды ашуда қаншама жанқиярлық еңбек жасады десеңізші?!

Үлкенге де, кішіге де бірдей ізетті, үлкен мәдениет пен ақылдың иесі Қаныш атам туралы естеліктерді оқи бергің келеді, айта бергің келеді. Мына бір естелікті тыңдап көрейік. Бірде, осы өңірге келген Қанышты қарсы алып, суынын ұсынып отырған ауыл ақсақалы Әбдірахман қарат:

– Қаныш, шырағым, кейінгі кезде біздің Наушабайға келуді жиілеттің, немене, мұның да астынан бірдеңе таптың ба? – деп сұрайды, тегене толы қымызды сапырып отырып.

– Мұның кереметі астында емес, үстінде болайын деп тұр, Әбек. Біліңіз келсе ауыл адамдарын шақыртыңыз, айттып берейін, – дейді Қаныш бір қызық әңгіменің ұшын шығарып.

Қаныш Имантайұлы серіктерімен бірер аяқ қымыз ішкенше киіз үй іші кісіге лық толады. Бала-шаға, әйелдер де қалмайды. Жұрт тынышталғасын Қанекен:

– Бұл жердің Наушабай аты сақталма, сақталмай ма білмеймін, бірақ, анығы – сіздің ауыл қонып отырған жарқабақтың үстінен үлкен қала салынады. Көшелері оқтай тұзу, биік сәнді, көрген жан таң қалғандай сұлу қала болады. Жайқалып гүл, мәуелеп ағаш өседі. Үлкен вокзал, самолет қонатын аэродром салынады. Қала ғана емес, үлкен завод та орнайды, – дейді.

Қанекеннің бұл сөзіне халық есі шыға қуанып, танданыстарын жасыра алмайды.

– Аузына–май, астына–тай, –деп ел Қанекен деген риясыз ризашылықтарын жеткізіп жатады.

– Салынбақ фабрика мен заводқа мол су керек, Кеңірдің жоғарғы бойы түгел шалқыған айдын көл болады. Әлгінде мен айтқан бау-бақша, мәуелі ағаштар, гүлдер сонымен өседі, – дейді Қанекен елді ынтықтыра түсіп.

– Мына кішкене балақандар заулім мектепте оқып, мыс заводын билейтін, алып шахталарды жүргізетін инженерлер болады, көсегелерің көгерсін, – деген Қанекеннің сөзіне ел не дерін білмей дағдарып қалады. Ауыл ақсақалы:

– Апыр-ай, осының бәрін бір өзін ойлап таптың ба, шырағым? – дейді таңданысын жасыра алмай.

Елге ертегідей көрінген Ұлы ғалымның бұл сөздері көп кешікпей жүзеге асты. Әуелі жаңа Жезқазған қаласы салына бастады. 1940 жыл Кеңірсу қоймасының құрылысы басталды. Сөйтіп, Қаныштың Жезқазғаны өмірге келді.

Енді әңгіменің басында Қанекенді атамыз деуімнің себебіне азырақ тоқтала кетейін. Жезқазғанды Жарық станциясымен жалғастырған темір жол салынып бітеді. Міне, сол отызыншы жылдары Баянауыл өлкесінің екі жігіті – теміржол мамандары – осы жаққа жолдамамен келеді. Біреуі отыздан асқан менің әкем, екіншісі әкейдің ағасының

баласы, жиырмадан асқан жас жігіт. Әкей – Жаңаарқаға, інісі Түйемойнаққа орналасады. 1942 жылы әкей бронь бұзып, соғысқа аттанады, інісі броньмен қалады. Сол жердің қызына үйленеді. Жеңгеміз – бертінде Жезқазғанда қайтыс болған, руы Шағыр, танымал теміржолшы Шора Қалменовтың туған апасы. Әкейдің інісі кейін Жеңіс стансасына бастық болып барады.

Ал, енді бұлардың Қанышпен қандай қатысы бар деген заңды сұрақ туындары даусыз. Айтайын. Қанекен әулетімен біздің әулет арасы 4 ата. Жай ғана рулас емес, жақын туыс. Қаныш Қарсақбайда жүргенде әкейдің ағасы іздеп барып, жолыққан екен. Қанекен «Ағам Қанекен естелік інісі Қаныштан» – деп жазып суретін берген. Бұл суреттің үлкейтілген түрі Жәйремеде інішектің үйінде.

Әкей соғыста жүргенде әйелі қайтыс болып, бала-шағасы Жеңістегі тұстардың қолында болады. Соғыстан аман-есен келіп, Ақмоланың қызына, біздің шешейге үйленіп Жеңіске келеді. Үй салады. Шешей марқұм айтады: «Әкелерің 49-50-жылдары Алматыға барып, Қаныштың үйінде жатып, емделіп келуші еді» – деп. Соғыстан алған жарақаты бар, «мұз жастанып, қар төсеніп» қираған көпірлерді қалпына келтіру жұмыстары денсаулығына әжептәуір нұқсан келтірген болуы керек. Сондай бір барыс, келіс кезінде болған бір оқиғаны әкей тамсана отырып айтады.

– Бірде Қанекен қыздарымен ағылшынша сөйлесіп отыр екен. Мен: «Қаныш аға, ортақ тіл – орысшаны да қимдыныз ба?» – дедім еркелеп. Жарықтық Қанекен кең адам ғой. «Ә, Сәукежан сені байқамапшы» – деп кенкілдеп күліп, қазақша әңгімеге көшті. Қазіргілер ғой, ешкімді керек етпей, өзінің ыңғайымен ғана жүретін деп отыратын. Баянауыл тұрғыны, қарапайым малшы Қанекенді: «Қатарынан озған бұл Қаныш, Ғұлама еді, кең еді.

Қолдан келер шара жоқ, Амандығы жөн еді, – деп жоқтапты дейтін әңгіме де елдің, қазақтың Қанышына деген шексіз махаббатын білдірсе керек. Иә, өкінішке орай, Қаныш Имантайұлы өмірден ерте озды, еті тірі, туыстықты сақтап тұрған әкей Қанекеннен де бұрын о дүниелік болды.

Бірде «Дидар» телеарнасынан Қаныш Сәтбаев туралы туған күніне орай деректі естелік хабар беріп жатыр екен. Жаныма отырған әйелім, марқұм Айранбаева Ақзәуреш Елгындыққызы әзілдеп, «Көрдің бе, біздің найман халқы қалай Қанекенді ханша құрметтеп, төбелеріне көтерген» – деп еді. Расында, біздің Жезқазған өңірінде Қаныш Имантайұлының туған күні ерекше зор құрметпен аталып өтеді. Осы мақаланы жазар алдында қойын дәптерімді қопарып отырып мына бір өлең жолдарын тауып алдым. 1998 жылы қызым «Қыз сынына» қатысқанда шығарған таңыстыру өлең екен.

«Арғында Қаржаз деген елге жатам, Дем берсін тұла бойға алған батам. Ана тұрған көшенің қақ төрінде, Академик Сәтбаев менің атам!», – деп жазыппын.

Иә, ол кездегі ескерткіш пен қазіргі ескерткіштің жөні бөлек. Қанекеннің есесі де сымбатты тұлғасы кеншілер алаңына көрік беріп тұр. Қасынан қанша өтсем де: «О, шіркін, қайран Қаныш ата!» – деймін іштей тәу етіп.

Жәми ТҰРСЫНБАЕВ,
зейнеткер кенші.

12 СӘУІР – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

МҰЗБАЛАҚТАР



Әлемдік қауымдастықта ғарыштық бағдарламаның қатысушысы саналатын мемлекеттің басқалардан бәсі артық тұрады. Бұл тізімде Қазақстанның да барлығы мақтанышымыз. Ал, ғарышқа қанат қағып, Жер Анамыздың ыстық құшағынан ұзай ұшқан ғарышкерлер қатарында үш бірдей қазақтың барлығы басымыз айнала отырып айтатын бақытымыз. Ондай бақ бұйырмаған мемлекеттердің жүздеп саналатынын ескерсек, сол үшін бізге ешкім кінә тағуға да тиіс емес.

Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ұлтымыздың ұлық ұландары. Мұзбалақтарымыз! Мәңгі мақтаныштарымыз! Олар ғарышқа салған данқты жол көмескі тартпауға тиіс. Біліміне - білігі, жүрегіне - білегі, парасатына - ерлігі сай келетін азаматтар аразымыз жүр. Олай болса қазақстандық ғарышкерлердің аты әлі талай рет аспан мен жердің арасын жалғайтын болады.

Өз тілшіміз.

Әбілқасен ӘМІРӘЛИННІҢ ТУҒАНЫНА – 110 ЖЫЛ

КЕНДІ ӨЛКЕНІҢ КЕМЕЛДІ СӨЗ ҰСТАСЫ

Әбекеңнің әріптестері қарым-қатынасында, іс-әрекетінде ерекше бір сыр бар еді. Біріншіден, үлкен-кіші, дипломы-дипломсыз өзін тең ұстайтын. Екіншіден, иенің жасуындай жылытыраған ойыңды, жақсы ниетіңді табанда қолдап, «қалай менің қаперіме келмеген» деп көкке көтеріп, қанаттандырып жіберетін. Үшіншіден, кісіге жасалған қамқорлықты, орындалған игіліктің авторы өзі болса да, абыройын себі тиген кейінгі толқын інілеріне, қызметтес жастара тели салатын.



Қаламының қасиеті бар біртуар тұлға, Ұлытау даласының ардақты перзенті, жазушы һәм журналист, ақын, Жезқазған – Ұлытау аймағының дамуына сүбелі үлес қосқан Әбілқасен Әмірәлиннің 110 жылдығына орай «Шексіз өлкетану» жобасы аясында «Қаламгерлер» клубымен «Көсемсөздің тарланы» атты әдеби қонақжай өтті. Іс-шараның шымылдығын «Қош келдің, Өз-Наурыз!» атты облыстық жас ақындар айтысының жүлделі ІІ орын иегері Мәди Олжабай арнаумен ашты. Әбілқасен Әмірәлиннің өмір жолынан сыр шертер «Ұлытаудың өр ұлы» атты бейнебаян көрсетілді. Әбілқасен Әмірәлиннің әлемі – түсіне білгенге тынымсыз тірлік пен өнегелі өмір жолының үлгісі. Осы орайда алғашқы сөз Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі Арман Бапановқа берілді. Әбілқасен Әмірәлин бір басына бірнеше өнерді, бірнеше мамандықты сыйдырған сегіз қырлы жан. Оның жазушылығы мен журналистігінен бөлек ақыңдығы бір төбе.

Жезқазған гуманитарлық колледжінің студенттері кейіпкердің «Көңіл иірімдері» тарауына жинақталған мөлдір жырларымен сусындатты. Жанынан өлең суырып айту қазактың қанында бар қасиет. Бұл ақсүйек өнер Әбілқасен Әмірәлинге де қонған. Оның атақты айтыс ақтангері Иманжан Жылқайдарұлымен сөз сайысы елдің аузында, халықтың жадында. Жезқазған музыкалық колледжінің студенттері Мәди Олжабай мен Ерсултан Ахмет айтыстан үзінді орындады. Әбілқасен Әмірәлин 1962-1972 жылдары Жезқазған теле-студиясында бас редактор қызметінде жемісті еңбек етті. Сол себепті сөз Қазақстанның Құрметті журналисі Базарбай Әлеуханұлы мен телевизия ардагері Әсия Айдархановаға берілді. Қаламгердің туыстары атынан Тоқмағанбет Мұханбетәліұлы мен жергілікті ақын Аққұлше Ибраева жылы лебідерімен бөлісті. Әбілқасен Әмірәлин мұраларын зерттеуші, «Арқада туған алып» кітабының құрастырушысы Асқар Ермекебайұлы сөз алды. Қаламгердің сүйікті әні «Әупілдекті»

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамеддин орындады. Әбілқасен Әмірәлиннің артында қалған ауқымды дүниелерін бір жаңғырту, келер ұрпаққа насихаттау мақсатында «Кенді өлкеңнің шежіресін шерткен» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кешті орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының міндетін атқарушы Ерлан Нұрмағанбетов қорытындылады.

Баурайында тұрған таудың биіктігі білінбейтіні, жанында жүрген жанның ұлықтығы білінбейтіні белгілі ғой. Биіктік те, ұлықтық та алыстаған сайын айқындалатын сияқты. Міне, сондай гирбатты ғұмыр сүріп, сонында абыройлы аты, тағылымды хаты қалған Әбілқасен Әмірәлиннің рухани мұрасын оқырман қауымға насихаттау кітапхананың басты мақсаттарының бірі болып қала бермек.

Әсел БІРӘЛҚЫЗЫ,
Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.

ӘЛЕМДЕ

«Қазақстан құтырды»: Ресейге қарсы шыққан Сүлейменовке Евсеев қатаң жауап берді

«Қазақстандағы кейбір шенеуніктер «АҚШ-пен» жақсы дос болайық деп Ресейге қарсы шығуда. Сіздер өздеріңізге нақты не керектің анықтап алыңыздар. Тағы «Қаңтар қырғыны» орын алса, біз сіздерге көмектеспейміз. Мұндай пікірді ТМД елдері институтының әскери сарапшысы Владимир Евсеев «МК» басылымына берген сұхбатында айтты, – деп жазады «Адырна» ұлттық порталы.

Осы жылдың қаңтарында Ресей өзінің бітімгерлерін жібермегенде, Қазақстандағы жағдай драмалық сипатта болар еді, – деді сарапшы.

– Бірақ Ресей Қазақстанға бітімгерлерді жіберді, соның арқасында Қазақстандағы тұрақтылық сақтап қалды. Ал қазір кейбір шенеуніктер «Құдай сақтасын, бізге АҚШ қарсы санкциялар енгізуі үшін олармен жақсы дос болайық» деп жатыр. Сіздер нақты не қалайтындығыңызды анықтап алыңыздар. Сіздер Қаңтарда жүзеге асырмақшы болған «түрлі-түсті революцияны» қалайсыздар ма? Мүмкін сіздер тіпті «түрлі-түсті революцияны» жақтаушысы шығарсыздар? Бірақ егер «түрлі-түсті революцияны» жақтаушысы болсаңыздар, онда сіздерге қарсы іс қозғауға болады. Өйткені, Қазақстанға төңкеріс жасамақ болған Ресей Федерациясы емес, – деп ренішін білдірді сарапшы.

Владимир Евсеевтің айтуынша, Қазақстанда орыстарды жек көретін «русофобтар» көп.

– Қазақстанда неше түрлі көзқарастар бар. Ол жақта «русофобтар» көп. Жағдай былай: Быылғы «Қаңтар оқиғасы» бір нұсқа бойынша – АҚШ пен Ұлыбритания ұйымдастырған төңкеріс әрекеті. Енді Ресей Федерациясы «түрлі-түсті революциядан» құтқарған Қазақстан: «Жоқ, біз Ресейге көмектеспейміз, өйткені санкциядан қорқамыз» деп отыр. Бірақ егер сізге қарсы төңкеріс ұйымдастырған мемлекеттің санкцияларынан қорқатын болсаңыз, онда сіз жақын арада сол сияқты екіншісін ала аласыз. Бұл бірінші. Екінші. Қазір қалыптасып келе жатқан көпшілік орны әлемде Қазақстанның өзіндік орны бар ма? Егер оның орны болмаса, онда, әрине, ол бәрін дұрыс жасайды. Бірақ егер ол бір орынға не болғысы келсе, онда оның дауыс беру құқығы болуы керек. Жағдай өте қарапайым, – деді ол. «

Сарапшы Қазақстанда «Қаңтар қырғыны» тағы қайталанса Ресей көмектесе алмайтынын мәлімдеді.

«Қалай болғанда да, Ресей араласуға мәжбүр болады. Бірақ, егер Қазақстанда Ресейге қарсы сөздер насихатталса, министр болып «русофобтар» тағайындалса, егер қаңтардағы қайғылы оқиғаға әкеп соқтырған бұрынғы көпвекторлы бағытты жалғастыруға талпыныстар болса, онда Ресейге оған кезекті рет көмектесу керек пе деген шешім қабылдау қиын болады. Бұл Қазақстанның өз таңдауы».

Шындыққа тура қарайық, Қазақстан Ресейдің одақтасы емес

Қазақстан Ресейдің одақтасы емес, осы пікірге үйренетін уақыт келді. Бұл туралы 4 сәуір күні REGNUM ақпараттық агенттігінің халықаралық сарапшысы, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің халықаралық қатынастар, саясаттану және шетелдік аймақтану факультетінің доценті Вадим Трухачев мәлімдеді.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың не айтатынын күтейік. Бірақ оның үнсіздігі өте үлкен сұрақтар тудырып отыр. Жалпы, бұл үнсіздіктен Қазақстанды Ресейдің одақтасы деп санауға қалай бола ма деген сұрақ туындайды», – дейді сарапшы.

Негізінде, оның бүкіл саясаты Ресеймен тек серіктес екенін көрсетеді, одан асқан артық байланыс жоқ, – деп есептейді Трухачев.

«Әрине, бұл ЕАЭО-ға да, ҰҚШҰ-ға да нұқсан келтіреді. Бірақ қызғылт түсті көзділдікті шешіп, Қазақстанды сол қалпында көрген дұрыс. Әрине, жау емес, бірақ одақтас та емес екені анық», – деп түйіндеді саясаттанушы.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ – СЕРПІН!



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің өткен жылғы қыркүйектегі Жолдауында ветеринария саласын жетілдіру қажеттігіне кеңінен тоқталды.

«Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның ал-ауқатына тікелей әсер етеді» – деді Президент Жолдауда. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес екенін де баса айтты. Және Үкіметке жыл соңына дейін ветеринария жүйесін реформалау жөнінде нақты шаралар қабылдауды да жүктеді. Осы тапсырмалар қалай жүзеге асырылып жатыр? Жалпы ветеринария саласының бүгінгі ахуалы қандай деген сауалдар төңірегінде осы саланың маманы Әбусәғит ӘБДІКЕРМЕН ой бөліскен едік.

Әбусәғит ӘБДІКЕР, ветеринар:

«БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАҒА БЕРЕТІН КЕЗ КЕЛДІ»

– Өткен жылғы қыркүйектегі Жолдауда ветеринария саласына қатысты бірқатар міндеттер жүктелді. Сонда бұл сала мемлекеттік деңгейде мәселе қозғайтындай әлсіреп кеткен бе? Әңгімені осы сауалдан бастасақ.

– Сұрағыңызды салмағы тым ауыр екен. Ветеринария саласы мемлекеттік деңгейде әлсіреді немесе басқа деп түсініктеме беруге менің құзіретім жетпес. Бірақ осы салада еңбек еткен адам ретінде айтар болсам, ветеринария саласы бүгінгі күнде өте әлсірегені анық. Салыстырмалы түрде айтар болсам, мен тоқсаншы жылдары институтты бітіріп келіп, кешегі кеңестік жүйенің құлап, балапан басына, тұрғытай тұсына дейтін уақытта жұмысты бастадым. Бұл кезде ауыл шаруашылығы мүлдем тұралап жатқан еді. Міне, сол аласапыран уақыттың өзінде аталмыш саланың тамырында қан бар еді. Сол кезеңдер мен бүгінгі күнді салыстырғанда ветеринарияның әлсірегені көзге ұрып тұр. Әрине, оны қалыпқа келтіру үшін Мемлекеттің араласуы қажет деп ойлаймын. Осы бағытта Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында өткір айтып, өзекті мәселе көтерді. Бірақ, мемлекет араласқан кезде құр нормативтік-құқықтар актілер шығарумен ғана шектелмей, сол құжаттардың орындалуын қатаң бақылауға алуға да қажет.

– Өзіңіз айттып откендей, мемлекеттік деңгейде тапсырмалар жүктелді. Бірақ соның нәтижесі мардымсыз. Неге?

– Иә, бұл бір өзекті де, өкінішті де нәрсе. Мен өзім осы ветеринария инспекциясы саласында 2020 жылдың қыркүйегінен бастап жұмыс істедім. Мемлекет басшысы Сіз айтқан Жолдауын жариялап, тапсырма берген уақытында мен осы салада қызметте едім. Алайда, Президент тапсырмалары аясында мынадай жұмыстар атқарылды деп нақтылап айтып көрсете алмаймын. Өйткені, ондай жұмыстар болған жоқ. 2021 жылдың желтоқсанында біздің инспекцияда қысқарту болды да, менің мамандығым сол қысқартуға ілікті. Сол аралықта жұмыс істеп жүргенімде мен салада ауызға аларлықтай жұмыстарды сезген жоқпын. Олай дейтінім, кейбір нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жайлы біздің өзіміздің жеке тарапымыздан жолданған ұсыныстар, қазіргі жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасы, болмаса ақпарат беру базаларына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде берген ұсыныстарым мен өзім жұмыстан кеткенше қабылданған жоқ. Жалпы, жоғары тұрған органдардан Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған тапсырмаларға сәйкес біздің тарапымыздан жіберілген ұсыныстар мен пікірлер қабылданған да жоқ. Соған байланысты мен ойлаймын, бұл жөнінде біздің ауыл шаруашылығы министрлігінде ешқандай жұмыстар атқарылып жатқан жоқ деп. Әрине, өзін осы саланы таңдап алып, осы салада еңбек етіп жүрген соң оның деңгейінің көтеріліп, жұмысының жанданғанын қалайсың ғой. Десек те, біздің ветеринария саласында атқарылып жатқан жұмыстарды мен өз деңгейінде жүргізіліп жатқан жұмыстар деп айта алмаймын.

– Мамандар салаға қатысты бағдарламалардың әлсіздігі жасалатынын, жергілікті жерлердің ерекшеліктері ескерілмейтінін айттып жатады. Бұған сіз не дейсіз?

– Сіз айтқандай бағдарлама дейтін бағдарламалар бар ма өзі? Әуелі соны нақтылап алайықшы. Рас, жалпы ауыл шаруашылығына қатысты түрлі бағдарламалар жасалынып жатыр. Бірақ, біздің әңгімемізге арқау болып отырған ветеринария саласына қатысты бір бағдарламаны білмейді екенмін. Біздің өзінде айтып өттім ғой, бағдарлама тұрмақ, біздің жолдаған ұсыныстарымыздың өзі ескерілмей жатыр деп. Егер, бағдарламалар қабылданып жатса сол ұсыныстарымыздың бірлігі болса бірі ілігер еді ғой.

Ал енді, жергілікті жерлердің ерекшеліктері ескерілмейді деуіңіз орынды. Бізде өзі қандай да бір нормативтік-құқықтық акт қабылдана да осы жағдай

орын алып жатады. Өйткені, заңға сәйкес қабылданған НҚА-лар Қазақстан аумағында бірдей деңгейде жүргізілетіндігіне байланысты бұл заңдылық та шығар. Екіншіден, бізде кәсіпкерлік саласына, бақылау-тексеру жүйесіне қатысты заңдарға түрлі өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты, елдегі пандемия жағдайына байланысты сала жұмысын «өзбен көріп, қолмен ұстап» дейтіндей жағдайларға мүмкіндік болмай жатыр. Десек те, «назар аударылса» дейтін жайттар да аз емес. Қазақ «Мал иесі – жан иесі» деп жатады ғой. Ветеринария туралы заңда да мал иелерінің жауапкершілігі 25-бапта нақтылы көрсетілген. Алайда, толық жауапкершілікті сол мал иелеріне артатындай бір тармақшалары жетіспей тұрғандай көрінеді. Олай дейтінім мал ауру-сырқауға, түрлі эпизоотиялық кеселдерге шалдығып, шығынға ұшыраған жағдайда ең бірінші жауапкершілік ветеринар мамандарға жүктеледі. Мал иесі сырт қалып қояды. Ал, малды егу, дәрілеу, бағымы, санын анықтау жағына келгенде сол мал иелері жауапсыздық танытып, келісім бермей жататыны ескерілмейді. Сондықтан, ең әуелі мал иелерінің жауапкершілігін көтеру қажет деп ойлаймын.

– Министрліктегі сала мамандарын әуелі төменнен, яғни, ауылдық жерлерде тәжірибеден өтіп барып жоғарылау керек деген де пікір бар. Сіздің ойыңыз?

– Әрине, министрлікке және ветеринариялық комитетке тәжірибелі, білікті мамандардың келгені нұр үстіне нұр болар еді. Рас, жоғарыда отырған мамандардың білімі төмен деп есептеймін. Оларды да кінәлауға болмайды. Олар өздері шетелден көрген, жан-жақтан көрген жақсы жаңалықтарын іске енгізеді.

Алайда, сол енгізген жаңалықтардың орындалуына бақылау бізде толыққанды жүргізілмейді. Мен ойлаймын, кім осындай бағдарлама арқылы ұсыныс пен өзгешеліктер енгізді, сол талаптың нақты орындалуы, жүзеге асуын сол енгізген адам өз жауапкершілігіне алып, аяғына дейін жүзеге келуіне қамқорлық жасауы қажет. Енгізіліп жатқан жаңалық көп, бірақ оның орындалуына қарынын ашады...

– Жергілікті жерлерде ветеринар мамандар жетіспейді деп жатады. Бұл тығырлықтан шығудың жолы қандай?

– Қазір сананы тұрмыс билеген заман. Жастың да, жасамыстың да ең бірінші көздейтіні жоғары айлық. Өкінішке орай ветеринария саласы бұл тұрғыдан келгенде көп мамандықтардан кенже қалып жатыр.

Ветеринар мамандардың жұмысы ауқымды. Ол адам жан-жақты болуы керек. Жануарларды егіп-емдеу ғана емес олардың санын алу, бірдейдендіру, электрондық құжаттарын дайындау, компьютерде ортақ база жасақтау сол маманның еншісінде. Оның бәрі ауқымды жұмыс. Қара жұмысты да, қағаз жұмысын да атқарып отырған ветеринарларға төленетін айлық-жалақы бүгінгі күні мардымсыз. Ондай аз айлыққа маман ұстап тұру мүмкін емес. Ал, жалпы, өңірде мамандар жоқ емес, бар. Бірақ, сол бар мамандардың өзі айлық-жалақысы жоғары жақтарға, өндіріс саласына кетіп жатыр.

Екінші бір мәселе, ветеринар мамандардың айлығын мал басына қарай тағайындау. Яғни, қай өңірде базаға тіркелген мал басы көп болса, оның сыйақысы да мол болады. Аз болса сәйкесінше сыйақысыз қалада маман. Мал басын бірдейлендірудегі шикіліктер осында жатыр. Егер ауылдық жерде мықты ветеринар маман қажет десек, ең әуелі оның қаражат мәселесін шешу қажет. Мәселен, дәрігерлерге, медбикелерге айлығы қалай көтерсе, ветеринар-мамандардың да айлықтары көтерілуі керек. Олар жалақыны он мал екті, жүз мал емдеді деген атқарылған жұмыс шкаласымен емес, бекітілген біріңғай жүйе арқылы алып отырса, ауылда маман да көбейеді.

Қазір елімізде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы өз нәтижесін беруде. Ветеринария саласын да осы жүйеге енгізу керек. Оқу бітіріп келген жас вереринар

маманға көтерме айлық, үй алуына мүмкіндік берсе, мал өсіруіне жағдай жасалса, жастардың тарапынан қызығушылық оянар еді.

– Жалпы, ветеринария саласын дамыту үшін не істеу қажет деп ойлайсыз?

– Ең бастысы, мал иелерінің жауапкершілігін арттыру керек. Малдың уақытылы егілуіне, түрлі эпидемиологиялық жағдайлар кезінде жедел жұмылдыру шараларын жасауға, мал бастарын бірдейлендіру мен ортақ база құруға, құжаттандыруға жауапкершіліктерін арттыратын кез келді. Бәрін ветеринар маманға сырып қойып отырғаннан саланың жұмысы жанданбайды.

Екінші бір мәселе, тіпті басты мәселе десек те болар, ветеринария саласын бәсекелестік ортаға беретін кез туды. Сондай-ақ белгілі бір шекте мал ұстайтын шаруашылықтарға аттатациядан өткен ветеринар дәрігер ұстауды да міндеттейтін уақыт келді. Олай дейтінім, қазір бір ауылда үш ветеринар маман жұмыс істейді. Ал, ауылдағы шаруа қожалықтары шалғайда орналасқан. Оның сыртында құжаттандыру, компьютерге енгізу сияқты жұмыстар өз алдына. Осылардың бәрі ескерілмей сала жұмысын дамыту қиын.

– Қалада болсын, ауылда болсын ветеринариялық емхана қажет пе? Қажет болса оны ашуға не кедергі?

– Әрине, жергілікті жердегі сұранысқа қарай қажет. Бірақ, бұл, жеке ветеринарлардың құзіретіндегі нәрсе. Мемлекет есебінен емхана ашу қажет емес. Жаңағы айтқанымдай, сала бәсекелестік ортаға берілсе, ол өз-өзінен шешімін табады анық. Бұл әсіресе ит, мысық сияқты үй жауарларын ұстайтын жандарға қажет нәрсе. Жалғыз ит, мысық емес өзге де үй жануарларын осындай емханаға апарып, ақшасын төлеп емдетіп жатса заманауи жетістік болар еді. Бұл бір жағынан ветеринар мамандардың да өз біліктіліктерін арттырып, қызмет көрсету сапасының жақсаруына ықпал етер еді.

Емхана ашуға еш кедергі жоқ сияқты. Ол да кәсіпкерліктің бір көзі ғой. Ал, бізде кәсіпкерліктің кез келген түрін айналысуға мүмкіндік бар. Тек сұраныс болса болды. Бірақ, сұраныс жоқ екен деп екі қолды қусырып отыра берген де болмайды. Әуелі емхананы ашып, жұмысыңды көрсетіп, тұтынушыларды тарт. Әрі қарай өзі жүре береді.

– Өзіңіз жайлы қысқаша айттып өтсеңіз. Қазір жұмыссыз жүргеніңізді естідік. Ауыл шаруашылығы, оның ішінде ветеринария саласында ұзақ жыл еңбек еттіңіз. Тәжірибелі маманның жұмыссыз жүруі де осы салаға деген немісқарайлықтың салдары емес пе?..

– Менің 20 жыл мемлекеттік қызметте өтілім бар. Мемқызметке келгенге дейін жеке кәсіпорындарда ветеринар-дәрігер болып қызмет атқардым. Соңғы бір жарым жылымда ветеринарияда қызмет еттім. Ал өзге жылдарының бәрі әкімшілік қызметте өтті. Қазір штаттың қысқаруына байланысты жұмыссызбын. Әрине, жұмыс ұсынбады емес, ұсынды. Бірақ, бәрі басқа қалада болғандықтан, одан бас тарттым. Бұл тұрғыдан келгенде менің еңбегім еленбеді, ескерілмеді деп ешкімге өкпе арта алмаймын. Алда мүмкіндіктер бар. Облыс ашылады деген қуанышты хабар естіп жатырмыз. Бұл да менің өз салам, өз мамандығым бойынша жұмыс табуыма зор мүмкіндік тудырады. Осы салада конкурстар болып жатса мен оған қатысуға ынтылмын, әрі дайынмын.

Ал, енді менің жұмыссыз жүруім салаға деген немісқарайлық деп айта алмаймын. Ол да заң талаптарының бір нұсқасы және оның орындалып жатқанының дәлелі. Оған мен қуанбасам реңжімеймін.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ.

Төрехан МАЙБАС, жазушы.



Бөлтірігін алма шуланның, шұрқан салар қораңа.

Мәтел.

Иттің сегіз, шошқаның тоғыз табатынын (туатынын) екінің бірі білсе керек. Ал иттің абадан туатынын кім естіген? Соған орай бұл жердегі әңгіме абадан жөнінде, абадан төңірегінде болмақ. Бұл не қылған абадан, ол қасқырға қатысты айтылмаушы ма еді деген заңды сауал туады.

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде).

ИТ СЕГІЗ ТУАДЫ,
БІРЕУІ АБАДАН...

Өңгімеізді бастамастан бұрын мына жайтты да анықтай кетейік. Мал туа ма, әлде табады ма?

Таймас жауап беру мүмкін емес. Адамға қаратып айтсақ анықтығы – туатыны. Малға қаратып айтсақ ойлануға тура келеді. Қой қоздайды, ешкі лақтайды, жылқы құлындайды, түйе боталайды, сиыр бұзулайды. Бұл қазақтың төрт түлігіне қатысты атаулар. Төлінен шыққан тума сөздер. Ешкімен табиғаты бір киікке қаратып айтсақ ол да лақтайды. Арқар қоздайды. Әрі қарай... Ойлануға тура келеді. Қара малға қаратып айтсақ төлдейді деп айтуымыз керек болады. Олай болса аяқты мал төлдейді. Ал аң атаулыға қаратып балайды деген.

Қазіргі уақытта абадан сөзі басшы, нақтырай түссек, көшбасшы мағынасында түсініледі, қолданылады. Баз-базда жөн-жосықсыз қолданатымыз да бар, әсіресе мағына артатынымыз да бар – оған түсіністікпен қарағанымыз дұрыс. Бұл әсіресе өнер адамдары арасында кеңінен тараған. Мақтауға келгенде қазақ баласының сөз таппай қалатыны бар. Сондайда абадан сөзін ұрып жібереді. Тіпті әйел баласына қаратып та абадан деп айтуға машықтанып алдық.

Сырт қарағанда ешқандайда айып-шамы жоқ сынды. Алайда абадан көп болмайды. Бөрі де солай. Санаулы. Есті қазақ ешқашан да абаданнан, болмаса бөрілер деп сөйлемеген.

Абадан байрақты деп айту бар. Мына шешен жұртының меншіктеп жүрген байрағында қасқырдың суреті бар. Түбіміз көктүрік болған соң солай болып тұр. Жалпы, түрік жұрты өздерінің арғы бабасын қасқыр (қашқыр, қасқар, қашқар, қашқар, бөрі, бэрэ...) деп біледі. Біз қалай қасқырды аспандасақ нанымын бұзбаған түркі баласымен бірдей чуваш, ғағауыз... сынды шоқынды бауырларымыз да солай аспандағанды. Оған моңғол жұртын қосыңыз.

Түріктер өздерін қасқырдан таратады. Анықтай түссек шуланды (шона, шина/ашина...) түпанамыз деп біледі.

Аңыз бойынша бабамыздың аяқ-қолын шауып, денесін ит-құсқа жем болсын деп айдалаға тастайды. Алайда ғайыптан шулан пайда болып оны өзінің қамқорлығына алады, кейін одан сегіз бала табады. Біздің түркі жұртымыз осы сегіз баладан тарайды.

Осы жерде елдің назарын мына жайтқа аударғымыз келеді. Бабаларымыз жыртықштардың қай баласы болсын бір сөзбен күшік дейді. Соған орай оларды күшіктеді дейді. Аю қонжықтады, қасқыр бөлтіріктеді, барыс алаңдады деген сөз жоқ. Алайда балалады деп айтушылық бар. Қасқырға қаратып. Қасқыр балалады деп екінің бірі айтады және олай айты деп ешкім де сөкпейді. Себебі қасқыр/шулан/ашина адамды/түрікті туды ғой, балалады ғой...

Олай болса адамзат баласы, оның ішінде түрік жұрағаты қасқырға адамаллеттес/өзіаллеттес деп қарайды. Және пәнилік өмірінде қасқырұстанымын ұстанады (басының еркіндігін бөрінен жоғары қояды, өзін туған анасымен жұптаспайды, өзінен бірге туған апа-қарындастарымен жұптаспайды, өзінен туған қызымен жұптаспайды, бір-ақ рет жұп құрады, өзінен туғандарға ешқашанда қастық қылмайды, қартаң-құтандарын, аң қауға жарамай қалғандарын ешқашанда ас-суызыз қалдырмайды, өліп жатса көмусіз қалдырмайды...)

Діни аңыз бойынша көктен пәрмен келіп Ибраһим пайғамбардың баласын құрмалдыққа шалатыны бар. Ал біздің бабаларымыз сол заманның өзінде басқа жолды таба білген. Олар құрмалдыққа қасқыр баласын шалған. Сөйтіп Көкті де ырза қылған, өздері де дін аман қалған.

Жебірей жұрты қошқар шалған! Біздің жұрт/бабаларымыз қашқар (қасқыр) шалған! Бұл дәстүр бүгінде шұбаш (чуваш) бауырларымызда қалып отыр. Олай болса қанша түркі жұрты бар болса қасқыр баласына деген соншама құрметі бар.

Біздің байрағымыздағы қасқыр жай қасқыр емес – абаданы. Олай болса мемлекеттік рәміздерімізді қайтып қарайтын жақсы күндер туар, сол тұста рәміздік, қодтық мақұлықтарымызды нышан төріне шығарармыз!

Қасқыр қоғамдасып өмір сүретін тағылар. Сондықтан үйірі болады. Қасқырдың үйірін – әуек дейді.

Заманында қазақтың белді ақын-жазушыларының бірі Ғабиден досымыз Құлақмет «Үйірі жоқ көкжал» деген роман жазды. Мен әуек жөнінде айтқаныма ол қатты өкінді. Түзетудің реті келмеді. Кітап шығып кетіп еді.

Қасқырдың жалғыз жортатындары болады. Қазір оларды көтермелеп жүргенімізбен кешегі шалдар оларды бұралқы деп тұқыртатын. Бұралқылар ұзақ өмір сүре алмайды. Оның толып жатқан себептерін таптыштемей-ақ негізгі бір-ақ себебін айта кетелік.

Әдетте бұралқының өмір сүретін, аң аулайтын, демалатын аумағы бола бермейді. Сондықтан олар басқа бір әуектің жеріне (аумағына) кіруге мәжбүр болады. Ал әуектер өз аумағына басқа жалдарды кіргізбейді. Кірген жағдайда талап тастайды.

ҚАСҚЫР – БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ!



қортымыздың, көртіміздің, гөртіміздің түбірі бір – құрт. Олай болса бұл жерде басқұрт сөзі бас шулан болып шығады, алайда оған жалы да, шуланы да бағынатын болғандықтан ол басқұрт болады.

Башқұрт жұрты біздің құртымызды құртит дейді. Бұл ұрғашы ит деген сөз. Осы ағайындар әуек басшысын башбөре дейді. Бұл басбөрі деген сөз, әрине. Салыстырыңыз: басқұрт – басбөрі.

Бала кездегі ертегі есіңізге түскен болар.

«Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде,
Ертеде өткен Қызылқұрт елінде...» – деп басталатын біз тыңдаған ертеңдердің бірі. Олай болса мұндағы ертең оқиғасы қызыл қасқыр елінде өткен.

Осы құрт сөзі қазақ аруына тікелей қатысты. Қазақ ең әдемі қызын сұлу деген. Ең сұлу қызын ару деген. Бетіне ноқат түсіп, іші білінген қыздарын бөрте деген және оларын ең сұлу деп өбектеген. Іші-сырты бірдей қыздарын құртқа деген. Қаракыпшақ Қобыланды батыр жары есімінің Құртқа аталатынын әлі ұмыта қоймаған болармыз. Қысқаша қайырганда орыс ағайынның альфа-самкасы осы.

Әуектегі қаншықтардың барлығы күшіктей алмайды. Күшіктейтін тек қана құртқа. Қалғандары құртканың бөлтіріктерін асырап, тәрбиелеумен айналысады. Бөлтіріктерінің әкесін құртқа өзі таңдайды. Оны бөрі дейді. Альфа-самемізіз осы бөрі. Әуекті абадан басқарғанда абадан – альфа-самец. Ал альфа-самка – бөрте болады.

Қасқырлардың қарғыуы ақпан айында өтеді. Оны қазақтар әспеттеп бөрісырғақ дейді. Бұл амал ақпан айының 17-25 аралығында өтеді. Бабаларымыздың бірнәрсесі білгендігін осыдан-ақ байқай беріңіз. Қасқыр сырғақ демеілі, бөрісырғақ дейді, өйткені бұл сырғақта болашақ бөлтіріктердің әкесі – бөрісі анықталады. Мұндай жұптар тұрақты болады.

Бөрте 63 күн көтереді. Бөртеңіз құртқа болмауы мүмкін. Алайда құртқа міндетті түрде бөрте болады. «Шалдың» негізгі оқиғасы үш күнді қамтиды. Алайда онда уақыт, кеңістік ұғымы да құртқағайынылықтырылған. Көкейтін ортасынан әрі қарай қасқырлар күшіктеп бітеді. Ал фильмде Құртқа қыста күшіктеп жүр.

Бөрте апанда күшіктейді. Туғанда бөлтіріктерін соқыр туады. Бөлтіріктерін қарақұлақ туады.

Ит те күшігін тоғыз апта көтереді. Ит пен қасқырдың түбі бір екендігін осыдан-ақ пайымдауға болар. Оның да күшігі соқыр, санйрау болып туады. Бір аптадан соң көзін ашады, тағы үш күннен кейін ажырата бастайды. Қазақ атамыз ырымға жаман деп жалқы күшік тапқан ит пен күшігін атып тастаған.

Күшіктің құлағы екі аптадан кейін естиді. Қасқырдың құлағы тік келеді де, иттікі салбыраңқы. Шуланнның күшігі тек бір арланнан, ал иттің итақайының күшігінің атасын бір Алладан басқа ешкім білмейді.

Қасқыр жоғарыда айтқандай күшігін алпыс үш күн көтереді. Қасқыр да сегіз туа береді. Негізінен тақ туады. Нешуе туатыны тағы да құртқағайынысты. Жемтік көп болатын жылдары көп туады да жылқы жылдарда шектейді. Соның өзінде жалқы тумайды, кемі қосар туады.

Қосар деп қазақ бір ұрғашы, бір еркек төлді біледі. Олай болса қосардың біреуі ұрғашы болады да, екіншісі міндетті түрде еркек болады. Құртқаның бірыңғай не ұрғашы, не еркек туатыны болмайды.

Жаңа туған бөлтіріктің көзі көк болады. Сегіз айдан кейін сарғыш тартады. Көзінің көктігін өзгертейтіндер де болады. Оларды боркөз дейді, бұл бөрі көз деген сөз. Бөрілер негізінен осы боркөздерден шығады.

Көк көзді мақұлдаттар бола береді. Төрт түлікке қаратып айтқанда көккөз түйе немесе бие деп айтпайды, шағыр дейді. Бабаларымыз оларды жартапаған. Соған орай шағырдан үйір салмаңыз деген.

Қазақ итбегілері боркөздерді бөлек тәрбиелеген. Қасқыр алады деп. Көзі көк болып туатындардың қасқырмен бір шатысы бар деп білген. Қазақ итінің бөрісоғарлары осылар. Түбі – қасқыр.

(Жалғасы бар).

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Болат НАЗАРБАЕВ
«Есентай ситиді»
рейдерлік жолмен басып алды»
деп айыпталды

«Болат Назарбаев «Есентай ситиді» рейдерлік жолмен басып алды», – деп айыпталды, 5 сәуір күні қамауға алынған Алмас Әбдіғалпұровтың зайыбы Назарбаевтың қиғұрқы әрекеттерін ашып, бар шыындықты жария етпекші, – деп жазады «Адырна» ұлттық порталы.

Елордада өтетін баспасөз мәслихатында қамауға алынған кәсіпкер Алмас Әбдіғалпұровтың зайыбы Болат Назарбаевтың «Есентай ситиді» рейдерлік басып алу әрекеті туралы айтып бермекші.

Ольга Әбдіғалпұрова БАҚ өкілдерінен УҚК басшысы мен Бас прокурорға жазған үндеуін жариялауды сұрайды. Ол алдау, бопсалау, ата-анасының басына төнген қауіп-қатер туралы егжей-тегжейлі айтып беретінін хабарлады.

Сондай-ақ Алматы полиция департаменті мен прокуратурасының кейбір адамдарының қолдауымен Болат Назарбаевтың өкілдері Әбдіғалпұровтардың 35% үлесін «AV-Construction» ЖШС-де қалай тартып алғанын айтып бермек.

«AV-Construction» Pricewaterhouse Coopers компаниясының құны 100 млн долларға бағаланды, алайда Назарбаевтың адамдары Әбдіғалпұровтың ата-анасына компанияның 25% акциясы үшін 27,5 мың теңге төлеп, ұлын босатып беруге уәде берген, бірақ соңында сөзінде тұрмаған.

Ал тергеу қамауға алынған кәсіпкер Әбдіғалпұровты «AV-Construction» ЖШС-дегі 10 пайыздық үлесі үшін 1 миллион доллар жымқырды деп айыптауға тырысуда. Осы уақытта Назарбаевтың адамдары AV-Construction-ды басқарған кезде одан 16 млн доллар алып шыққан.

Жемқорлықпен күрес агентігі:
Қайрат
САТЫБАЛДЫҰЛЫНЫҢ
компаниялары
миллиардтарды жымқырған

Қайрат Сатыбалдыұлының теміржолдарға кіре беріс жерлерді меншіктеген компанияларды бірнеше миллиард теңге жымқырған. Бұл жөнінде Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі хабарлады.

Агенттік Қайрат Сатыбалды, оның бұрынғы әйелі Гүлмира Сатыбалды және басқа да тұлғалар үстінен қызмет тексерісі жалғасып жатқанын айтады.

– Аталған тұлғалар мемлекеттік орган басшыларының қатысуымен елдің қала құраушы ірі кәсіпорындарына кіре берістегі теміржол тарифтерін негізсіз қымбаттату арқылы көптеген миллиард теңге заңсыз пайда тапқан, соның салдарынан халыққа қызмет көрсету жұмысының бағасы өскен, – дейді Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

Агенттік жазуына қарағанда, Қайрат Сатыбалды бақылайтын бірнеше компания басшылары сот санкциясымен қамауға алынған. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 13 наурызда «Қазақтелекомның» қысқартылған жымқырды және қызмет өкілетін асыра пайдаланды» деген күдікпен Қайрат Сатыбалдыны шетелге ұшпақ болып тұрғанда ұстап, уақытша қамау изоляторына қамаған.

Агенттік ол кезде «Қайрат Сатыбалдыұлының мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін өзге де қылмыстарға қатысты тексеріліп жатыр», – деп хабарлаған.

Наурыздың ортасында Жемқорлыққа қарсы агенттік Қайрат Сатыбалдыұлының бұрынғы әйелі Гүлмира Сатыбалдының үстінен «бизнесі рейдерлік жолмен тартып алу» күдігі бойынша тергеу басталғанын хабарлаған. Күдікті тергеу изоляторына қамаған.

Қайрат Сатыбалдыұлы – Назарбаевтың туған інісі Сатыбалды Назарбаевтың ұлы. 2018 жылы қазақстандық «Forbes» журналы оны елдегі ең бай елу бизнесмен тізіміне енгізген. Оның дәулеті 163 миллион долларға бағаланған.

Ол 2000 жылдары Астана қаласы (қазіргі – Нұр-Сұлтан) әкімінің орынбасары, «KazakhOil» компаниясының вице-президенті, «Қазақстан теміржолы» компаниясының бірінші вице-президенті болған. 2010-2015 жылдары ағасы, бұрынғы президент Нұрсұлтан Назарбаев басқарған «Нұр Отан» партиясында хатшы болды.

«Адырна»
ұлттық порталы.



Жетекшісі –
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ



16 наурыздағы Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұрынғы Жезқазған облысының аумағында жаңа – Ұлытау облысы ашылатынын мәлімдеді. Сол-ақ екен әлеуметіде «алақайлаған» ел бірін-бірі құттықтап, мәре-сәре болысты. Қазір сол желілерде «облыс құрамына қай өңірлер кіруі керек, өңір басшысының тізгінін кім ұстағаны жөн?» деген тақырыптарда қызу пікір-таластар жүріп жатыр. Әрине, әркім өз пікірін білдіруге, ойын ашық айтуға құқылы. Алайда, оның соңы жершілдік пен ру аралық текетіреске айналып кетпеуі қажет. Осы орайда «Saryarqa» газеті барымызды бағамдап, жоғымызды түгендеу, оң мен солымызды айқындау үшін аймақтың бір топ аузы дуалы деген азаматтарын өз ой-пікірлерімен бөлісуге шақырып, өзінің дәстүрлі «Сіз не дейсіз?» деген сауалын ортаға тастап отыр.

Сонымен, онлайн форматтағы ой бөлісу отырысына қош келдіңіздер. Пікірлер ағынының тиегін ағытпас бұрын әуелі осы отырысқа орамды ой, пайымды пікірлерімен бөліскелі келіп отырған қонақтарымызды таныстырып өтейін. Жезқазған қаласы мен Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, аймағымыздың абыз ақсақалы – Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ, ақын, журналист, «Ұлытау және ұлт» журналының бас редакторы – Сара СМАҒҰЛ, аймақтық «Шындық» қоғамдық бір-

лестігінің төрағасы – Абдолла ДАСТАНОВ, Сәтбаев қаласы ақсақалдар кеңесінің төрағасы – Өтеш АХМЕТОВ, Қарсақбай кенті ақсақалдар кеңесінің төрағасы – Тоңболат МҰҚАНОВ, Ұлытау селосы ардагерлер кеңесінің төрағасы – Есенғали ӘБЖАМАЛОВ, аймағымыздың білім беру саласына еңбегі сіңген қызметкер, ішкі істер саласының ардагері – Дүйсенбек БІРМАҒАНБЕТОВ қатысып отыр. «Қош келдіңіздер!» дейміз. Алла ауыздарыңызға салмақты да салмақты сөз салсын.



Сағындық
ҚОЖАМСЕЙІТОВ,
Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы

ӨНІР ҚАЛАЙ ӨРІЛЕР ЕКЕН?

Хоош, делік. Аймақ жұртшылығының көптен бері арманы болып жүрген үлкен бір мәселенің түйіні тарқатылды. Дұрысын айтқанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әдемі тарқатып берді. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында жаңа облыс құрылатын болды. Атауы қандай десеңізші. Не бір алмағайып замандарда ел бірлігінің ұйытқысы болған – Ұлытаудың атымен аталды. Бәрі тамаша. Бірақ, осы тұста тағы бір күдіктің құлағы қылтия қалды. «Жаңа облыс қалай жасақталар екен?» деген сауал бүгінде әркімнің-ақ көкейінде тұр. Сондықтан, бүгінгі онлайн ой бөлісуімізді де осы сұрақтан бастағанды жөн көріп отырмыз.

– Сонымен, Мемлекет басшысы өз сөзінде «бұрынғы Жезқазған облысы аумағында» дегенді айтып қалды. Қалай ойлайсыз, облыс бұрынғы аумақта жасақтала ма?

Әңгімеіздің біссімілдісін осы мәселе төңірегінде жарсақ құлағы жастыққа тимей, шырпыр болып жүрген азамат, аймақтық «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы – Абдолла ДАСТАНОВ бастап берсе.

– Ассалаумағалейкум, игі жақсылар. Онлайн болса да ой бөлісетін ордаға қош келдік. Бүгін бір өзекті мәселе сөз болғалы тұрған сыңайлы.

Біріміз қаладық, біріміз қаламадық, бірақ, ел көңіліндегі түйткілді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 16 наурыздағы Жолдауы арқылы тарқатты. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысы құрылатын болды. Енді бізге өткенді емес, бүгінді

өндірісін ХХІ ғасыр биігіне көтеру жаңа Қазақстанның, қазақ елінің, әрбір қазақтың мүддесіне сай келеді. Бұл көкпарға салатын ойын емес. Менің ойым осы! Сіз не дейсіз?

– Әп, бәрекелді! Ал, онда Сара ана Сәкеннің бұл ойына сіз не дейсіз? Алып қосарыңыз болса айтыңыз.

– Армысыздар ағалар, азаматтар. Тамаша әңгіме өрбіп келеді. Көтеріліп отырған мәселе де өзекті. Жаңа Абдолла бауырым айтқандай біз жаңа облыстың қандай болғаны, қалай жасақталғаны жөнінде орамды ой айтуымыз қажет. Рас, бұл бағытта әлеуметтік желілерде әртүрлі әңгімелер жүріп жатыр ғой. Сондай, елдің санасын сан саққа жүргізетін ойдың арнасын дұрыс жолға бұру бізге сын.

Ал, енді сауалға келер болсам, Бұл біздің өңір үшін үлкен қуаныш. Осыдан 25 жыл бұрын басымыздан ұшып кеткен бақ құсы қайтып айналып келіп қонып жатыр. Жаңа Қазақстанның жаңа облысы өмірге келді. Оның орталығы Жезқазған қаласы болды. Бұл

ге қатысты сауалды түйіндеңіз деп жатыр ғой. Шамам жеткенше қысқаша қайырып көрейін. Менің пайымымша, жаңа Ұлытау облысы бұрынғы Жезқазған облысы аумағында жасақталуы тиіс. Кейбір аумақтарға үкімет өзгеріс енгізуі мүмкін. Алыс аумақтар тұрғындары қарсылық білдіруі де мүмкін. Оған Үкіметтен құрылған комиссия жол бермеуі керек. Шұбаркөл көмір кенішін, Балқаш, Ақадыр, Жайрем, Қаражал, Ақшатау кенттері Ұлытау облысының құрамына кіруі қажет. «Қазақмыс» корпорациясың бас кеңселері Жезқазған қаласына орналасуы керек. Құмкөл мұнай-газ кеніші Ұлытау облысына қарауы тиіс. Негізі, бұрынғы Жезқазған облысына қарасты аумақтар жаңа облысты түзуі керек.

«БҰРЫНҒЫЛАР» НЕ ДЕЙДІ?

– Дұрыс-ақ, Өңірді түзу жайлы бірқатар пікірлер айтылды. Бастамалар да белгілі болды. Бірақ, әңгіме барысында бұрынғы аумаққа

ЖАҢА БАР МЕН ЖОҚ,

нәм ертеңді айту абзал. Яғни, «бізге қандай облыс керек?» деген мәселе төңірегіндегі ойларымызды ортаға салған жөн деп ойлаймын. Осы орайда облыс қандай аумақта құрылады деген сауал өзіне-өзі ақ туындап тұр. Бұл өте күрделі сұрақ. Сондықтан оған байппен қарап, ұтымды ой, нақтылы пікір білдіру қажет. Менің жеке пікірім, облыс бұрынғы аумақта құрылуы қажет және «Қазақмыс» компаниясының бір де бір кәсіпорны одан тыс қалмауы керек. Оның бас кеңсесі осы Жезқазған қаласында орналасуы қажет. Бұл бағыттағы ойымды мен «Инстаграм» парақшасында да, Фейсбук желісінде де ашық жаздым. Дәйекті дәлелдерімді келтірдім. Ең бастысы, Сәтбаев қаласының ақсақалдары мен зиялы қауым өкілдері Мемлекет басшысының атына «Ашық хат» жолдап, Ұлытау облысын бұрынғы аумақта жасақтау жөнінде ұсынысымыз бен пікірімізді айттық.

– Өте жақсы бастама. Оны Ұлытау-Жезқазған өңірінің жұртшылығы да қолдайды деп ойлаймын. Солай емес пе Тоңболат аға? Қарашаңырақ Қарсақбайдың тұрғындары бұл істен қалай қалмайтын шығар. Жалпы, осы «өңір қалай өрілгені дұрыс» деген сауалға өзіңіздің ойыңыз қандай?

– Саламат барсыздар ма әлеумет. Абдолла айтқандай елдің қамын ойлаған үлкен бір шара бастаған екенсіздер. Жөн-ақ. Одан мен де сырт қалмайын деп, өтінішті қабыл алып, өз ойымды айтуды жөн көрдім.

Әрине, жаңа облыстың бұрынғы аумақта жасалғаны өте құптарлық жағдай. Десек те, бұл бағытта да кейбір мәселелер көтеріліп жатыр. Шет, Ақтоғай аудандары, Балқаш қаласы Қарағанды облысының құрамында қалуға әрекет жасауда. Әрине, оларды да түсінуге болады. Бірақ, жаңа облыстың аяғынан тік тұрып кетуі үшін бұл өңірлердің бізге келгені өте маңызды. Әсіресе, Балқаш, Ақшатау, Ақжал, Ақадыр Ұлытау облысының құрамында болуы қажет. Ол жайлы қузырлы орындарға жеткізіп, түсіндіргеніміз абзал.

Жалпы, Балқашты Жезқазғаннан бөліп қарау мүмкін емес сияқты. Екеуі бір-бірімен кіндігімен байласқандай қалалар ғой. Балқаштың бұл үшін қаншалықты маңызды екенін тәптіштеп айтып жату қажет емес деп ойлаймын. Менің ойым жаңа облыс бұрынғы Жезқазған облысының аумағында жасақталуы керек.

– Осы Балқаш туралы Сағындық аға да өз ойын айтқысы келіп отыр. Сағындық Ұсепұлы, облыстың бұрынғы аумақта жасақталуы бізге не береді?

– Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында құрылған Ұлытау облысы ең алдымен біздің, облыс тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға, рухани жан-дүниесін жаңғыртуға, ортақ байлығымыз түсті металлургия саласын жаңғыртуға және дамытуға бағытталған. Бұрын біртұтас организм болған Балқаш, Жезқазған інжу-маржанын бөлектемей, қадірін біліп,

дегеніміз Ұлытау – Жезқазған өңірінің жаңғыру дәуірі басталады деген сөз. Жезқазған мен Ұлытау дүйім елге, айдай әлемгі бұрыннан таныс еді, енді жаңа қырынан танылатын болады. Өңіріміз әлеуметтік те, экономикалық та, рухани да жағынан өсіп, өркендейді.

Ал, енді облыс қандай аумақта құралады дегенге келсек, бұл бағытта кесімді ой айтуға әлі ертерек сияқты. Ұлттық экономика министрлігінің хабарлауынша қазір осы бағытта арнайы комиссия құрылып жұмыс істеп жатыр. Олар әр облыстың қандай аумақта орналасқанын, республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар көлік жолдарын, әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық даму мәселелерін есепке алып, сараптап жатқан сыңайлы. Осыны ескерсек, Ұлытау облысының нақтылы аумағы туралы айту өзiрге ертерек екені түсінікті. Және, облыстың картасын белгілеу біздің қузырымызда емес.

– Ал керек болса. Бұған сіз не дейсіз, Өтеш аға? Сәтбаевтықтардың пікірі қандай?

– Сәтбаевтықтардың пікірі қандай екенін әлгінде Абдолла інім жақсы айтып өтті. Кешілер қаласының ақсақалдары мен зиялы қауымы жаңа облыстың қандай аумақта құрылуы қажет екенін дәйекті дәлелдер келтіре отырып Ашық хатта ашып жазды. Оны Мемлекет басшысына жолдадық та. Бұл дер уақытында және орынды қозғалған мәселе деп айтуға әбден болады.

Ал, енді «біздің қузырымыздағы нәрсе емес» деп қарап отыруға мен өз басым келіспеймін. Қазақта «жылмамаған балаға емшек бермейді» деген тәмсіл бар емес пе? Ендеше біз қазіргі жағдайда жаңа облыстың әлеуеті үшін уақытында дабыл қағып, мәселені дұрыс көтере білуіміз керек. Біз мына өңірлерді берсең де бересің, бермесен де бересің деп отырғанымыз жоқ. Осы аумақта құрылса облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына алаң болмайсыздар деген ұсынысымызды жеткізіп отырмыз. Сондықтан Ұлытау облысы бұрынғы Жезқазған облысының аумағында құрылуы заңдылық та.

– Осы орайда әлеуметтік желілерде орамды ой айтып жүретін азамат, білім беру саласының үздігі, ішкі істер саласының ардагері Дүйсенбек Бірмағанбетовтың да ойын біле кетсек.

– Мемлекет басшысының сөзінде айтылған «бұрынғы Жезқазған облысы аумағында» дегені дұрыс болар деп ойлаймын. Себебі жоғарыда отырған жауапты тұлғалар бір ойды айтқанда бір нәрсеге сүйеніп айтатын болар. Мен де осы ойды құптаймын.

– Ендеше өңімені одан әрі соза бергенің жөні болмас. Бірінші мәселе төңірегіндегі сауалды жаңа облыс атауын еселенген қасиетті Ұлытау өңірінің ақсақалы Есенғали Әбжамалов ағамыз түйіндесе.

– Ассалаумағалейкум игі жақсылар. Орамды ой бөлісер ортада қауышқаныма қуаныштымын. Мәселе-

қарайтын бірқатар өңірлер де өздерінің «жүрек-жардылары» жоғары жаққа жолдан жатқаны да айтылып қалды. Осы орайда әлеуметтік желілерде «Келемін дегендері есік ашық. Кетемін десе жол әне» дегенді де айтып жатқандар баршылық. Қазіргідей жаңа облыстың тағдыры иешілер тұста оның келесіне бұлай атүсті қарауымыз да ағаттық. Шама келгенше барымызды қолда ұстап қалуға күш салғанымыз абзал. Бұған сіз не дейсіз? Бұл әңгімені Сәкен, Сағындық Ұсепұлы бастап берсе.

– Иә, мұндай әңгіме бар. Әсіресе Балқаш, Шет, Ақадыр жағы ашық қарсылық танытып жатыр. Оларды да түсінуге болады. Сонау қияндағы Жезқазғанға жету қиын болатын. Жол нашар, жазда аптап, қыста аяз, барғанда сақайдай-сай қонақ үй, асхана, көңіл аударатын өнер, демалыс орындары әлжуаз еді ол кездері. Соңғы жылда ел боп, бәріміз боп біраз шаруаны тындырдық. Өмір де өзгерді. Қазір жағдай басқаша. Қарым-қатынас, байланыс, коммуникация жүйесінің жаңа әлеуеті дүниеге келді. Медициналық сақтандыру қорына жарна аударсақ, еліміздегі ұнаған клиникада емделе аламыз, портал өзіміздің отбасы саулығы амбулаториясына келіп тұр. Құқықтық әртүрлі анықтамаларды egov.kz мемлекеттік ақпарат қызметінен аламыз. Жол жақсарған, поездар, ұшақтар, жолушылар автокөлігінің саны көбейген. Менің ойымша, ескі қоғамның «сырқатын» ұмытатын кез келді. Жетпейтіні болса, енді өзіміз жетілдіреміз.

– Өте орынды пікір. Бұны Дүйсенбек бауырымыз қалай жазғар екен. Егер аумақты жаңартып жатса оны қалай қоғамдаған жөн.

– Бұрынғы өңірлер Ұлытау облысына қосылғаннан ешқандай зиян көрмейтініне сенімім мол. Ал енді қосылуға қарсы болу да, болмау да, жаңа нәрседен үр-кекпең қашу да ол адамға тән қасиет қой. Шет ауданы жағына келетін болсақ менің өзім күні кеше ғана сол жақтан келдім, ол жақта қолдайтындар да қолдамайтындар да баршылық. Көбісі қолдайды деп ойлаймын.

Ал, егер, өңір жаңаша жасақталар күн болса іргеміздей Арқалықтан бері қарай да Ұлытау облысына қосқан дұрыс деп ойлаймын. Қазіргі цифрлық дамыған заманда әркімнің ұялы телефонында түрлі чаттардың болуы ол заңдылық. Сондай, Қызылорда, Арқалық және Қазақстанның басқа да өңірлерін қамтыған бауырластар чаттарының бірінде мен де отырмын. Сонда Қостанай облысының Арқалықтан бері Ұлытауға таяу елді мекендерінің көп адамдары жаңағы мен жазған ойларды, яғни өздерінің Ұлытауға қосылуын қолдайды және өздерінің сондай тілектері де бар.

– Әрине, елге ел қосылса құт. Бірақ бұл ойды бәріміздің біреуі қолдамайтынымыз да аян. Солай ма, Есаға?

– Дәл солай. Бұл ойды қостамайтындардың бірі



Дүйсенбек
БІРМАҒАНБЕТОВ,
ішкі істер саласының
ардагері



Өтеш АХМЕТОВ,
Сәтбаев қаласы ақсақалдар
кеңесінің төрағасы



Есенғали ӘБЖАМАЛОВ,
Ұлытау селосы ардагерлер
кеңесінің төрағасы

өзім. Мысалы, қазір Арқалықты Ұлытау облысына қосу керек деп айтылып жүр. Бұл дұрыс емес. Себебі, Қостанай облысы орыс тілді жер, оларда орыстар 60-70 пайыз Оларға өзіміздің орыс тілді қандастар қосылады. Сонда 90 пайыз болып, солтүстік бөлігіміз орыстанып кетеді. Сондықтан бұрынғы Торғай облысы Қостанай аумағында болғаны дұрыс.

– Сара ана, сіз не дейсіз?

– Әрине, елге ел қосылса құт. Сондықтан жаңа облыстың құрамына лажы келіп жатса Арқалық өңірін қосып алған жөн болар еді. Қанша дегенмен астықты өлке ғой.

– Тоңболат аға, сіздің пікіріңіз?

– Мен әлгіде айттым ғой ойымды. Бұрынғы аймақтан ыңғайы келсе айтырылмаған жөн. Қазір заман өзгерген. Мүмкіндік те мол. Жол қатынасы болсын, байланыс болсын бәрі жетілген. Бір қағаз үшін қазір облыс орталығына бармай-ақ, электронды түрде алдыра бересің. Онлайн байланыс та дамыған. Сондықтан ол жақтағы ағайындардың жердің шалғайлығын алғатарту ретсід деп ойлаймын. Сондықтан да біз жаңа облыстың территориясында орналасқан Шұбаркөл, Құмкөл сияқты кен орындарын өзімізге алуға күш салуымыз керек.

Ал енді жаңартуға келсек, ел Арқалықты қосып алсақ дегенді айтып жүр. Ол бір оп-онай нәрсе сияқты. Шындығына келгенде ол өңірдің халқы да қазір қозғалыс үстінде. Торғай өңірінің бетке ұстар азаматтары бірігіп бұрынғы Торғай облысын ашуға қам қылып жатқан жайлары бар. Сондықтан олардың біздің айтқанымызға көне қоюлары екіталай.

Енді бір кісілер Созақ ауданын қосып алуға айтамын болыпты. Ол тіптен қисынға келмейтін нәрсе. Мұның бәрі шаруаның оң шешілуіне кері әсер ету үшін айтылып жатқандай көрінеді маған. Мұның орнына «Қазақмыс» компаниясының бас офисін Жезқазғанға көшіру мәселесін орайлы көтеру қажет. Өнім мен өндіріс біздің өміріміз.

– Өтемі аға, сіз не дейсіз?

– Осы орайда орыс көршілеріміздің: «Аспандағы тырнадан қолдағы шымшық артық», – деген тағамша бір тәмсілі бар. Шынында да анау аймақты қосайық мына жерді жалғайық дегеннен гөрі бұрынғы Жезқазған аумағындағы аудандар мен қалаларды

кіргізулеріңізді сұраймын, – деді Сәтбаев қаласының құрметті азаматы, өндіріс нәм мемқызмет саласының ардагері Қозы-Көрнеі Байтоқов.

– Бұл қате пікір. Өңір әкімін Президент өзі тағайындайды. Ал, бағдарлама әзірлеу деген сөйлеу түсетін үміткердің тірлігі. Бұл жерде бірді бірмен шатастырмағанымыз дұрыс. Әкім кім болса да елге қызмет ететін адам болуы керек, – деген қарсы уәжін білдірді ТМД-ның Құрметті энергетигі Жайық Мұңсызбаев.

Ой екеу, мақсат біреу. Бұған сіз не дейсіз? Сара Кәрімсітпарқызы, әңгімені сіз бастаңызшы.

– Бұл бір қиын сұрақ екен. Менің ойымша облыс басшысы болып жан-жақты, білімі мен білігі жоғары, руханиатты жақсы түсінетін азамат келгені дұрыс. Ол сырттан келе ме, осы өңірдің азаматы ма, ол маңызды емес. Маңыздысы халықтың мұң-мұқтажын түсіне алатын, оны шешуге шынайы күш салатын, халықпен тіл табыса білетін іскер, қабілетті болғаны.

– Былайша айтқанда «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген қағида ұстай білетін дейсіз ғой. Тоңболат аға, ондай жандардың қатарына кімдерді жатқызар едіңіз.

– Менің ойымда үш азамат тұр. Оның бірі қазіргі облыстың әкімі Жеңіс Қасымбек. Ол бұл өңірді бір кісідей біліп қалды. Екінші азаматым – Серік Шайдаров. Оны айтып отырғаным, кезінде ол Жезқазған қаласына әкім болып келгенде «Қазақмыстың» жергілікті билікті мойындағысы келмеген шонжарларын орнына қойып еді. Үшінші адамым Сәтбаев қаласының азғана уақыт әкімі болса да біраз істерді жүргізіп кеткен – Арман Тұрлыбек деген жігіт.

Әрине, бұл менің өз ойым және бұл азаматтар міндетті түрде облыс әкімі болуы керек дегенді білдірмейді. Бірақ, менің пайымым бұлар әлігіде өздерін айтқан іскер, жан-жақты, халықпен тіл табыса жұмыс істейтін азаматтар қатарында.

– Дұйаға, сіздің пайымыңыз қандай? Өңір тізгінін кімге сеніп берер едіңіз?

– Аймақ басшысы кім болады деген сұрақ әркімнің көкейінде жүргені белгілі. Кім келсе де заманауи білімі бар, өмір көрген, барлық саладан хабары бар, жұмыстан қорықпайтын, рушылдыққа салмайтын өресі ақшадан ар-ұятты жоғары қоятын, МЕН дейтін

лап жіберіп, күллі Қазақстанды бір күн бойына дүркіретіп қойды.

Әрине, облыстың қандай болмағы оның басшысының кім болатынына тікелей байланысты. Бірақ бұл ретте нақты пәленше, түгенше болсын деудің реті жоқ. Жаңа облыстың әкімі біріншіден, халыққа сүйкімі бар, тек өңірге ғана емес, елге танымал тұлға, екіншіден, өңірдің дамуына қатысты проблемаларды шешу жолдарын білетін және соны табандылықпен жүзеге асыратын, үшіншіден, меніңше, ең бастысы арзан атак, абыройға үйірсеңкігі жоқ, көптің көзіне жақсы көрініп қалуға әуес азамат болмауы тиіс. «Бізге қандай әкім керек?» деген әңгімеміз осы тұрғыда ғана өрбісе... Бәрібір кімді тағайындау ел Президентінің құзырындағы шаруа ғой.

Ендігі бір мәселе «өзіміздікі, сырттыкі» деген әңгіме мүлде айтылмауы тиіс. Кімнің қолынан жұмыс келеді, соған қарап, бағалау керек. Қажымұрат Нағманов – Омбыда туған ғой. «Сырттың адамы» деп 94-те ол кісіні облыс басшылығына жолатпасақ, Жезқазған халқы сол тұстағы қиыншылықтан тез арада шыға қояр ма еді?!

Немесе Қызылорда жағына барып Еркін Әуелбеков туралы сұрап көріңіз. Ал, ол кісінің сол облысқа басшы болғанға шейін бейнелеп айтқанда, Қызылорданы картадан ғана көрген адам. «Басшы сол өңірді білетін адам болу керек, басқа жақтың адамы келсе, жергілікті проблеманы білмейді» дейтін сөз – жершілдікке салынуды бүркемелеу ғана, басқа түк те емес. Сондықтан мұндай пікірлердің еш негізі жоқ. Мұның жарқын мысалы жаңағы айтқан Қажекең мен Ерекен.

ТҮЙІН

– Рахмет, Әбеке. Осы жерден сәл аялдай тұрып, соңғы сауалға кезек берсек. Жаңа облыстың аумағы белгіленер, әкімі де тағайындалар. Бірақ, осы облыс мәртебесі өңіріміздің дамуына қаншалықты әсер етеді деп ойлайсыз. Не нәрсеге басымдық бергеніміз дұрыс? Әбеке, әңгімеңізді жалғап жіберіңізші.

– Әрине, облыс мәртебесі өңірді дамытуға оң әсерін тигізуге тиісті. Менің ойымша, жаңа облыс өнім өндірумен айналысатын шағын кәсіпорындар ашуға бағыт ұстануы керек. Мысалы, мыс өн-



Тоңболат МҰҚАНОВ, Қарсақбай кенті ақсақалдар кеңесінің төрағасы



Сара СМАҒҰЛ, ақын, журналист, «Ұлытау және Ұлт» журналының бас редакторы



Абдолла ДАСТАНОВ, аймақтық «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

ОБЛЫС: ОҢ МЕН СОЛ

қайтарудың қамын жасауымыз керек. Әлгіде айтқан Ашық хатымызда біз негізінен осы мәселені көздедік. Өңірдегі өндіріс орындарын сақтап қалуға күш салдық. Мемлекет басшысынан соны сұрап отырмыз.

– Ал онда бұл мәселені де сағызша созып отырудың жөні келмес. Ойды «Ашық хат» жазуға ұйымды болған азамат – Абдолла Дастанов дөңгелектесін. Әбеке, сөз өзіңізде.

– Жезқазған облысының қайтадан құрылуына негізінен Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының халқы айрықша мүдделілік танытқаны белгілі. Президент Жолдауынан соң: «Қарағанды облысында қала бергіміз келеді», – деп жоғары жаққа екі күннің бірінде хат жолдап жатқан аудан, қалалар да бар. Әрине, халықтың көңіл күйін түсінуге де болады. Дегенмен, қазіргі уақыт осыдан ширек ғасыр бұрынғы кезеңмен салыстыруға келе қоймайды. Көп ілгерілеушілік бар. Бір жапырақ қағаз үшін облыс орталығына шапқылау деген жоқ. Сондықтан, облыс орталығы қашықтап кетеді деген ағайынның ақылға салатын тұстары бар. Президентіміз «Ұлытау облысын бұрынғы Жезқазған облысының аумағында құру» туралы бекер айтпаған шығар. Сондықтан, жаңа облыс бұрынғы облыстың территориясында құрылу керек. Солай болады деп те сенемін.

ТІЗГІНДІ КІМ ҰСТАҒАН ЖӨН?

Бәрежелді. Бұл сауалды да шама-шарқымызша қаузағандай болдық. Алайда, әңгімеге арқау болар тағы бір мәселе тұр. Қазір әлеуметтік желілерде «Облыс әкімінің ортынтағы кімге лайық?», «Өңір тізгінін кім ұстағаны жөн?» деген сауалдар төңірегінде пікір таласы да, айтыс-тартыс та болып жатыр. Әлігіде, әңгіме барысында айтылып өткендей белгілі бір тұлғаларға қол жинап жүрген жандар да баршылық. Бұл қаншалықты этикаға сыйымды дүние. Әрине, оны патша көңілді оқырман өздері пайымдай жатар. Біздің міндетіміз, елге ой салып, қоғамдық пікір қалыптастыру, дұрыс жол көрсету. Осы орайдағы әңгімені күні кеше Сәтбаев қаласындағы Достық үйінде өткен қала ақсақалдары мен зиялы қауым өкілдерінің басқосуынан бастағанды жөн көріп отырмын. Аталмыш алқалы жинада жаңа облыстың аумағын түзуге қатысты әңгімемен бірге «Оның басшысы кім болуы керек?» деген де мәселе сөз болды. «Не деді?» дейсіздер ғой.

– Жаңа облыстың әкімі лауазымына осы өңірді жетік білетін, ауыл шаруашылығы мен өндірістен хабары мол, аймақты өрістетуде нақтылы бағдарламасы бар азаматтың кандидатурасы ұсынылуы қажет деген ұсыныс айтылуы керек. Мемлекет басшысына жолданатын Ашық хаттың бір тармағына осыны

намысы бар, біліктілігі жоғары азамат келсе болды. Сырттан келсе де болады.

Облыс әкіміне қоятын бір талабымыз жаңа айттым. Келген адам өзінің білімділігі мен біліктілігінің арқасында осы қаладағы ең зор «Қазақмыс» корпорациясының басшылығымен міндетті түрде тіл табысып жұмыс атқаруы тиіс. Осы жағынан қарағанда облысымызды басқаруға сол корпорацияда жоғары басшылық қызметте жүрген осы өңірдің тумалары Бақтияр Абдрахманұлы Қырықпашев пен Мұратбек Ерболатұлы Бөрібаевты да лайықтылар қатарынан айтар едім. Енді бірі – Берік Әбдіғалиұлы. Маған ұнағаны бұл азаматтың кейінгі бір сөзінде Ұлытау облысын дамытудың басты бағыттарының бірі ретінде Жезқазған – Арқалық, Жезқазған – Қызылорда, Жезқазған – Қарағанды жолдарын заман талабына сай жөндеуді атап өткені. Өңірдің дамуы ол тікелей жолдарға байланысты, осыны түсінетін уақыт жетті.

– Есенғали аға, сіз не дейсіз?

– Менің айтарым, Ұлытау Жезқазған аймағын жақсы білетін адал азамат келуі керек. Менің ойымша Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек лайықты. Әкім болғалы біздің өңірге көп көңіл бөлді. Ұлытау ауданының дамуына үлкен ықпал жасады. Осы лауазымға лайық тағы бір азамат – Берік Әбдіғалиұлы. Елдің тумасы, жанашыр азаматы. Ал енді, Республикадан келетін азаматтар жоқтың қасы. Себебі, біздің аумақтан жоғары лауазымды қызметте болған жандар жоқ.

– Саке, Сіз облыстық деңгейде қызмет атқарған жассыз ғой. Есіңізге ешкім түсін отырған жоқ па?

– Жезқазғанның ұстаханасынан шыққан азаматтар аз да болса даз дегендей ғой. Мысалы, кейінгі атқарған жоғары лауазымдарын атамағанның өзінде сол отыз жасында-ақ осы облыстың әкімінің орынбасарының болған Әлихан Бәйменов пен бүгінгі Парламент мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановты айтсам да жеткілікті деп ойлаймын. Бірақ екеуінің де қазіргі қызметі біз тілге тиек етіп отырған деңгейден әлдеқайда жоғары екенін де есімізден шығармайық.

– Жақсы. Онда бұл мәселені де түйіндеік. Соңғы түйенің жүзі ауыр дейді. Әбеке, кезек тағы сізге келді. Сіз не дейсіз?

– Иә, өкінішке орай, бізді «Ал, облыс құрылды, бірақ, оның территориясы қай аумақтарды қамтиды? Облыстың келешектегі басты бағыты қандай болмақ? Жаңа облыс өзіндік жаңа дәстүрлер қалыптастыра ала ма?» деген және т. б. көптеген сұрақтарды ой талқысына салудың орнына «Тумаған сиырдың уызына таласу» деген секілді әлі құрылмаған облыстың әкімі кім болады деген сұрақ көбірек толғандырып кеткен сиянайы. Бұған ауызекі әңгімелер, әлеуметтегі жазбалар айғақ. Нақты есімдер де аталуда. Қайсыбір күні тіпті, әлдебір азаматымыз петиция жария-

діреміз. Осы орайда, менің есіме 90-жылдардың бас кезінде қытайлар келіп, сағат, магнитофон және т. б. шығарғаны еске түседі. Ауылшаруашылығы шикізаттары өндесіз жағыр, соны реттесе. Туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды заманға сәйкестендіру. Сонда жұмыс көздері де ашылады, өңір де дамиды. Президенттің «Қарапайым заттар экономикасы» деген сөзі ұмыт қалды. Жаңа облыс соны жаңғыртудан бастауы тиіс.

Сондай-ақ жаңа облысқа Ұлытау атауы текке берілмегені де есімізде болсын. Ұлттық тарихты, тілді, салт-дәстүрді насихаттау тұрғысынан да жаңа облысымыз еліміздің басқа өңірлеріне үлгі-өнеге көрсететін орталыққа айналуы тиіс. Мысалы, қайсыбір жылы Жаңаарқа ауданында бір мезгілде 1000 күбі қымыз пісіліп, әлемдік Гиннес кітабына енгізілгені тәрізді ерекше іс-шараларды қолға алғанымыз абзал. Әрине, бұл орайда көп жасаған, көпті көрген ақсақалдардан жақсы-жақсы ұсыныстар болып, ат үстіндегі азаматтар соны іліп әкеліп жатса...

– Тамаша. Шынында да сол бір жылдары тері илейтін, шұжық жасайтын, пима басатын, ірімшік шығаратын цехтар Ұлытау өңірінің ауылдарында ашылып тәп-тәуір жұмыс істеп еді. Кейін солар құрдымға кетті. Ұлы даланың жеті қырына қатысты да басталмалар аймақта аз емес. Осыларды қайыра жандандырса. Оған мүмкіндік болар ма еді. Есеаға, сіздің ойыңыз қандай?

– Ұлытау облысы құрылса көп өзгерістер алып келеді. Облыс көлемінде инфрақұрылымдар, үй құрылысы, өндірістік нысандар бой көтереді. Басқа облыстармен жол байланысы болады. Жезқазған – Бейнеу темір жол бойында нысандар салынады. Аймақты газдандырады. Ауылшаруашылығын көтеру басты міндетте болады. Мал, егін шаруашылығын көтерілуі керек. Ұлытау ауданы кезінде кеңшарларда 50 мыңға дейін егістік жер болды. Қазіргі уақытта бос жатыр. Осы егін шаруашылығын көтерсе, Жезқазған, Сәтбаев және Ұлытау ауданы өңірлерін үнмен қамтамасыз етеді. Ет комбинаты, сүт заводы, элеватор, жеңіл өнеркәсіп (тоқыма фабрикасы) іске қосылса жұмыс орындары көбейеді.

– Дүйсеңбек аға, сіз не айтасыз?

– Менің ойымша құрылатын Ұлытау облысы ол бұрынғыдай жай облыс болып қана қоймай өндірістік-аграрлық облыс болып құрылады деп ойлаймын. Жалпы Жезқазған аймағында өндіріс жаман дамымаған ғой. Оны кез-келген осы аймақтың тұрғыны біледі. Ал енді қайыра облыс болып құрылатын облысқа қосылады-ау деген Жаңаарқа, Шет және осы құрамдағы Ұлытау аудандарының ауыл шаруашылығымен айналысатынын өскерсек, ол саланың міндетті түрде облысымыздың басты даму саласы болатыны сөзсіз.

Ойды – ой қозғайды деп жатамыз ғой. Әлеу-желілердегі алып-қашпа әңгімелерді ақиқатқа бұру мақсатындағы бұл жолғы миссиямызды да бірсыдырғы атқарған сыңайлымыз. Біраз ойлар айтылды. Салмақты сөз өріліп, пайымды пікірлер түзілді. Бар мен жоғымызды түгендеп, оң мен солмызды бағамдағандай болдық. Әрине, айтылмай қалған мәселелер де аз емес. Соның бірі – қазіргі Қарағанды облысы әкімі мен әсалихат депутаттарының жаңа облыстың құрамына берілетін аумақтарды ашып айтпай отырғаны. Олай дейтініміз, Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстары өздерінен бөлінетін өңірлердің аудандары мен қалаларының атын атап, түсін түстеп берді. Бізде бұл жағдай жасырын күйде тұр. Ал оның астарында не жатқанын ел тағы әлеужелі арқылы сансаққа жүргізуде. «Қазақмыс» компаниясы басшыларының да осы уақытқа дейін үнсіз отыруы көңілге кірбің ұялататындай. Кім біледі? Біздің пікірсайес клубындағы бұл кезекті отырысымыз жарыққа шыққанға дейін, олар да бір хабарын беріп қалар...

БАЗАРКҮЛ ТӘЖІРБИЕСІН БАЗАРЛАДЫ

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Журналистика және саясаттану факультеті деканының орынбасары Гүлжауһар Болатованың ұйымдастыруымен белгілі журналист, Журналистер одағының лауреаты, Ұлытау өңірінің тумасы, Жезқазған қаласындағы DIDAR.TV арнасының креативті директоры Базаркүл Үмбетовамен кездесу өтті.



Журналистика және саясаттану факультетінің деканы, белгілі алаштанушы ғалым Сак Қайрат Өмірбайұлы кіріспе сөзінде кеш қонағы танымал журналист Базаркүл Үмбетованың шығармашылық еңбек жолына кеңінен тоқталып, жеткен жетістіктерін жиналған қауымға жан-жақты баяндап берді. Журналистика деген даңғыл жолда қыз баласына да орын табылатынын, соның жарқын көрінісі ретінде Базаркүл Сейітжанқызын айтуға болатынын тілге тиек еткен факультет басшысының сөзі студенттердің жүрегінен жылы орын алды. Бұдан кейін сөз алған Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Серікзат Мақсұтұлы әуелі Базаркүл Сейітжанқызын және Ұлытау халқын тұрғылықты аймақтың таяуда ғана жаңа облыс мәртебесіне ие болуымен құттықтап,

Базаркүл ханымның еңбегіне жеміс тілейтінін жеткізді. Өз кезінде Базаркүл Үмбетова журналистика саласының қызығы мен қиындығына қатысты өз тәжірибесімен бөлісіп, келелі әңгіме өрбітті. Соңында білім алушылар кездесудің кейіпкеріне көкейлеріндегі сұрақтарын қойды. Жаңалыққа жаны құмар Базаркүл Сейітжанқызы өмірлік тәжірибесіндегі барымен бөлісіп, әр сұраққа мұқият әрі нақты жауап берді.

Шара соңында білікті ұстаз Гүлжауһар Болатова еліміздің келешек шығармашылық мамандарымен жүздесіп, тағылымы мол мәнді пайымдары үшін сөз өнерін кие тұтқан шығармашылық мамандық ісін факультет басшылығы мен студенттері атынан зор ризашылығын білдіріп, естелік сыйлық тарту етті.

Өз тілшіміз

ОТЧЕТ АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОВОДОСНАБЖЕНИЯ» г. ЖЕЗКАЗГАНА

по итогам 2021 года об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами

30 марта 2022 года в 15.00 ч. по адресу ул. Холмецкого, 20 с дополнительной трансляцией в прямом эфире посредством социальной сети Facebook с официального аккаунта предприятия, состоялись слушания отчета АО «ПТВС», по итогам 2021 года перед потребителями и иными заинтересованными лицами.

Выступление директора АО «ПТВС» содержало следующую информацию:

Акционерное общество «Предприятие тепловодоснабжения» оказывает следующие виды регулируемых услуг:

- услуги по передаче и распределению тепловой энергии;
- услуги по снабжению тепловой энергии;
- услуги водохозяйственной системы (подача воды (питьевой и технической) по распределительным сетям);
- услуги канализационной системы (отвод и очистка сточных вод);
- производство, передача, распределение и

снабжение тепловой энергией пос. Геологический.

АО «ПТВС» является предприятием со 100 % государственным пакетом акций, находящимся в управлении ТОО «Корпорация Казахмыс».

Отапливаемая площадь жилого массива составляет около 1500 тыс м², услугами предприятия пользуются более 28 500 абонентов - население, около 1360 юридических лиц. Финансово-хозяйственная деятельность АО «ПТВС» за 2021 год характеризуется следующими данными:

- доход от реализации услуг 5549 млн.тг.;
 - прочие доходы 834 млн.тг.;
 - себестоимость реализованной продукции 4594 млн.тг.;
 - административные расходы и расходы по реализации 534 млн.тг.;
 - прочие расходы 892 млн.тг.;
 - итоговая прибыль/+, убыток -/- 362 млн.тенге.
- (направлена на выполнение утвержденной инвестиционной программы)

Отклонение фактических показателей от плановых связано с:

- исполнением части мероприятий хозяйственным способом;
- экономией, полученной по результатам проведения конкурсных процедур, согласно законодательству Республики Казахстан;
- изменением утвержденной инвестиционной программы 2021 г в части переноса 13 мероприятий неисполненных по причинам, не зависящим от предприятия (неисполнение обязательств другой стороной договора, признание конкурса несоответствующим, вследствие обстоятельств непреодолимой силы) на 2022 год.

Результатом качественного выполнения инвестиционной программы служит своевременная подготовка и безаварийное прохождение отопительного сезона 2021-2022 гг., недопущение сверхнормативных потерь энергоресурсов.

Предприятие **постоянно** ведет претензионно-исковую работу с должниками, в том числе по отключению от услуг, и переписку по спорным вопросам. Несмотря на предпринимаемые меры,

не все потребители выполняют обязанности по своевременной оплате за потребленные услуги, нарушая норму Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях».

Качество предоставляемых услуг соответствует санитарным нормам и правилам.

Разработанные и утвержденные ДКРЕМ по Карагандинской области для АО «ПТВС» показатели качества и надежности регулируемых услуг отсутствуют.

Показатели эффективности деятельности субъектов естественных монополий исполнены, а именно, сокращены нормативные потери тепловой энергии и воды при оказании услуг подачи воды по распределительным сетям.

В связи с окончанием срока действия тарифов 2016-2020 гг. Приказом ДКРЕМ по Карагандинской области №13-ОД от 28.01.2021 г. утверждены новые тарифы на 2021-2025 гг.

В течение года, вносились изменения в Приказ, в связи с исполнением ДКРЕМ судебных решений, на слушаниях предоставлена информация о тарифах на 2021-2025 гг с пояснениями.

АНАЛИЗ ОБЪЕМОВ ПРЕДОСТАВЛЕННЫХ РЕГУЛИРУЕМЫХ УСЛУГ ЗА 2021 г.

Вид регулируемых услуг	Объем оказываемых услуг в натуральном выражении		Объем оказываемых услуг в стоимостном выражении, без НДС		Причины отклонения
	Утверждено в тарифной смете	Фактически за 2021 г	Утверждено в тарифной смете	Фактически за 2021 г	
Передача и распределение тепловой энергии	722,480 тыс. Гкал	705,837 тыс. Гкал	1573 млн.тг.	1603 млн.тг.	Рост в стоимостном выражении связан с увеличением доли потребления услуг пром. предприятия
Снабжение тепловой энергией	722,480 тыс. Гкал	705,837 тыс. Гкал	1481 млн.тг.	1510 млн.тг.	
Услуги по подаче воды по распределительным сетям (питьевая вода)	16 428 тыс м ³	15 361 тыс м ³	1750 млн.тг.	1454 млн.тг.	Снижение связано с потреблением услуг по фактическим показаниям приборов учета
Услуги по отводу и очистке сточных вод	18876 тыс м ³	16653 тыс м ³	631 млн.тг.	548 млн.тг.	Снижение объемов потребления воды привело к снижению объемов канализационной системы
Услуги по подаче воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода)	1632 тыс м ³	572 тыс м ³	57,6 млн.тг.	20,7 млн.тг.	Снижение связано с: – отсутствием в 2021г. общественных огородов; – переводом ряда промпредприятий на оборотное водоснабжение
услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией в пос. Геологический	6,19 тыс. Гкал	4,7 тыс. Гкал	82,9 млн.тг.	13,5 млн.тг.	Снижение в стоимостном выражении связано с применением для расчетов тарифа на уровне населения г. Жезказган

АО «ПТВС» обеспечено *постатейно* исполнение тарифных смет. На представленных слайдах была показана информация об исполнении тарифных смет, по видам услуг, *постатейно*, с указанием причин отклонения. Отчет будет предоставлен в

ДКРЕМ по Карагандинской области до 1 мая 2021 года.

На представленных слайдах были показаны мероприятия утвержденной инвестиционной программы по видам услуг, фотоматериалы о ходе выполнения инвест. программы.

ИСПОЛНЕНИЕ УТВЕРЖДЕННОЙ НА 2021 ГОД ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ

Вид деятельности	Сумма утвержденной инвестиционной программы, тыс. тенге, без НДС	Фактическое исполнение в тыс. тенге, без НДС	Мероприятия, выполненные в ходе реализации инвестиционной программы
Услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергии	472435	329232	Выполнен капитальный ремонт 11 объектов тепловых сетей, приводящий к росту стоимости основных средств, приобретено ОС оборудования – 4 шт насосного оборудования и спец техники – 2 ед.
Услуги подачи воды по распределительным сетям (питьевая вода)	838281	353934	Выполнен капитальный ремонт 4 объектов водопроводных сетей, приобретено ОС – 6 шт.насосного оборудования и спец. техники – 1 ед.
Услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода)	13416	12745	Выполнен капитальный ремонт 1 объектов водопровода поливочной воды
Услуги канализационных систем (отвод и очистка сточных вод)	219485	106040	Выполнен капитальный ремонт – 1 объекта напорного канализационного коллектора, Хозфекальных очистных сооружений, приобретено ОС – 6 шт.насосного оборудования; 2 комплексных блока (воздуходувка)
ИТОГО	1543617	801951	

№ п/п	Вид услуг	Утверждены на 2021- 2025 гг, по приказу № 13-ОД от 28.01.2021г.		Изменены по приказу № 182-ОД от 29.09.2021г.	Компенсирующий тариф по приказу № 183-ОД от 29.09.2021г.	Тарифы по приказу № 6-ОД от 06.01.2022г.	Тарифы по приказу № 38-ОД от 17.02.2022 г.			
		с 1 марта 2021г.	с 1 апреля 2021г.				с 1 октября 2021г.	с 01.11.2021г. по 31.12.2021г.	с 1 января 2022 г.	с 1 апреля 2022 г.
1	Услуги подачи воды по распределительным сетям, тенге за 1 м ³ без НДС									
1.2	Среднеотпускной	101,31	101,31	111,06	110,01	113,16	116,82	116,82		
1.3	Для населения		36,01	36,01	35,67	35,67	35,67	36,82		
1.4	Для бюджетных организаций		331,75	519,68	514,78	530,96	601,45	548,14		
1.5	Для прочих потребителей		110,72	110,72	109,68	113,13	113,13	116,78		
2	Услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода), тенге за 1 м ³ без НДС									
2.1	среднеотпускной	38,56		41,83		42,43	42,69	42,69		
2.2	Для населения					41,83	41,83	42,09		
2.3	Для бюджетных организаций					42,76	47,64	43,02		
2.4	Для прочих потребителей					42,76	42,76	43,02		
3	Услуги по отводу и очистке сточных вод, тенге за 1 м ³ без НДС									
3.1	Среднеотпускной	33,67	33,67	34,88		36,11	36,41	36,41		
3.2	Для населения		16,88	16,88		16,88	16,88	17,02		
3.3	Для бюджетных организаций		48,97	69,27		72,14	77,24	72,74		
3.4	Для прочих потребителей		40,49	40,49		42,17	42,17	42,52		
4	Услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергией, тенге за Гкал без НДС									
4.1	Среднеотпускной	4 364,01		4 475,31	4 302,14	4 445,10	4 539,08	4 539,08		
4.2	Для населения	2 656,61		2 816,01	2 707,04	2 707,04	2 707,04	2 764,27		
4.3	Для бюджетных организаций	11817,07		1186,11	10945,51	11520,52	12702,46	11764,09		
4.4	Для прочих потребителей	5 562,81		5 718,78	5 497,48	5 786,14	5 786,14	5 908,47		

Кроме того, с марта 2022 г. АО «ПТВС» включено в Местный раздел Государственного регистра субъектов естественных монополий по оказанию услуг подачи воды по распределительным сетям на новом участке, в с.Кенгир. Подана заявка в ДКРЕМ по Карагандинской области на утверждение тарифов в упрощенном порядке.

Администрация АО «ПТВС»



«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберіңіз»

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ»

Зангер, қоғам қайраткері, академик, геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Тендік ауылынан 1 шақырым қашықтықтағы Айрық деген жерде дүниеге келді. Бала кезінен білімге құштар болып араб, парсы, орыс тілдерін жақсы меңгерген.

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдарда да, мысалы, мәдениет саласында тарихта да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақанғанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының

ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көрегендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген дана тұлғаның еңбегінің нәтижесі.

Сонымен қатар, Қаныш Сәтбаев ұлт жанашыры болған тұлға. Ол қазақ археологиясының бөйтерегі, ғалым Ә. Марғұланды қуғын-сүргін азабынан құтқарып, Алматыдағы КСРО Ғылым Академиясының филиалына жұмысқа алады. Сондай-ақ Сәтбаев

оған археологиямен айналысуға кеңес берді.

1947 жылғы наурызда Қаныш Сәтбаев КСРО Жоғарғы Советінің делегациясы құрамында Англияға барған. Сапар барысында қазақ ғалымын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Қаныш ағаға таңырқай қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қанекен: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентаймын. Халқым менен де биік», – деп жауап беріпті. Ұлыбританияның премьер-министрі Антони Иден айтқандай «Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы – ғажап құбылыс»

Толқын АМАНТАЕВА, мектеп оқушысы.

«Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ақпарат қызы Т. Айбергеновтің 85 жылдығына орай М. Әуезов кітапхана-филиалы «Жырдың жасарық жұлдызы» атты марафон өткізді.

Іс-шараның мақсаты – оқырмандарды ақынның өмір жолымен таныстыру, ақын өнері арқылы қазақ әдебиетіндегі жалынды поэзиялық туындылардың тақырыбы мен ой тереңдерін сараптай білуге үйрету, олардың мәнерлеп оқу қабілеті мен рухани танымдарын кеңейту, Отанын, елін, ұлтын сүйуге тәрбиелеу. Төлеген Айбергенов шығармашылығын таныту, ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін ұғындыру.

«Бір тойым болатыны сөзсіз менің, Дәл қай күні екенін айта алмаймын. Бірақ... Бірақ...

Ешкімді де билетпей қайтармаймын!», – деп жырлаған тарпаң мінезді ақсарма ақын Төлеген Айбергеновтың тойы жалғасу үстінде. Ақынның ғана емес ол қазақтың, қазақ поэзиясының тойы санатында жалғасып жатыр.

Бір күндік сәуледей ағып өткен қысқа ғұмыр – 30 жасында Төлеген Айбергенов бізге өлеңнен мол мұра қалдырып кетті. Бүгінгі кеш өмірге іңкәр, өмірді жанындай сүйіп өткен сыршыл да сезімтал ақын жайында сыр шертіп, ақын әлеміне, өлең деген құдіретті мұхитқа сапар шегіп, өлеңдерінен өрілген сұлу сазға тербелді.

Поэзия төрінен орын алған Айбергенов мол мұрасын қала мектептері мен колледждердің студенттері арасынан Жезқазған гуманитарлық колледжінің студенттері Гүлдана Жекенова «Бір тойым бар», Аруғұл Сембек «Ана», Тау-кен металлургиялық колледжінің студенттері Наргиз Касенова «Адамдар», Айтқожа Қуаныш «Домбыра», ЖезУ-дің 1-курс студенті Альбина Айтжанова «Өсіп келе жатырмын», №8 гимназияның оқушысы Ұлпан Серікқызы «Туған жер», №11 мектептің оқушысы Айымжан Ергалиева «Туған еліме», Абай атындағы «Өркен» ММИ оқушысы Аяу-



лым Таева «Қос ішектер» өлеңін жырмен тебірене жеткізді. Бұл той ақынның ғана емес, ол қазақтың, қазақ поэзиясының тойы санатында жалғасып жатыр. Кітапхана төрінде ақынға арнайы ұйымдастырылған «Жұлдыздай ағып өткен ақын» атты көрмеге Т. Айбергеновтің көп томдық шығармалары мен «Жүрек сөзі», «Атамекен», «Аруана бауыр дүние», «Мен саған ғашық едім», «Бір тойым бар», «Жан еді өлең үшін дара туған» атты естелік кітабы мен ақынның қызы С. Айбергенованың қолынан шыққан «Тоғысқан тағдырлар» атты кітабы және «Айбергенов әлемі» журналының оқырмандар назарына ұсынылды.

«...Ақтара келемін жұртыма ой кенің, Кате де болар пікірім айтқан кей менің, Алдында сенің бірақ мен ойда барымды Жасырмай әркез келеді адал сөйлегім», – деген өлең жолдары алмас қылыштың жүзіндей қыран дауысты ақын Төлеген Айбергеновтің жүрек жарды өлеңі еді.

Іс-шара соңында кітапхана меңгерушісі А. Махмұтова марафонға қатысушыларды номинация бойынша марапаттап, естелікке суретке түсті.

Г. ОСПАНОВА, М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалының кітапханашысы.

ӘР БАЛА БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады және өз сөзінде балалардың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалғыз ұлттық міндетіміз, – деп баса айтты.



Балалар мен жасөспірімдер кітапханасы «Балалар жылы» аясында Наурыз мейрамы қарсаңында «Балалар кітабы» апталығын ұйымдастырып өткізді. Апталықтың тақырыбы «Әр бала бақытты болуға лайық» деп аталды. Апталық салтанатты мерекелік кешпен басталды. Онда кітапханашылар «Маша мен аю» кітабының желісімен шағын көрініс көрсетіп, осы көрініс арқылы кітап оқудың маңыздылығын, кітапты күтіп-ұстау керектігін балаларға түсіндірді. Апталықтың ашылуына №1 мектептің төменгі сынып оқушылары белсене қатысты. Олар өздері дайындап әкелген кітап туралы, наурыз туралы өлеңдер оқыды. Маша мен Аю оларға өздері аттас кітапты сыйға тартты.

Апталықтың екінші күнінде «Кітаппен серуен» атты квест-ойыны ұйымдастырылды. Ойынға Қарағанды облысының «Маруа Құлшешев атындағы қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы» КММ-нің тәрбиеленушілері қатысты. Квест – ол шытырман ойын. Ойын барысында қа-

тысушылар мақсатқа жету үшін белгіленген кедергілерден өтеді. Шарты: апталық аясында ассорти кітап көрмесіне қоятын бір кітап жоғалды. Сол кітапты тауып, кітап көрмесіне қою керек. Біз қандай кітапты жоғалттық? Ол кітап қазақ тілінде ме, орыс тілінде ме? Авторы кім? Ол қандай кітап? Міне, осы сұрақтарға жауап табу үшін балалар бірнеше кедергілерден өтіп, соңғы бекетке жету барысында түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жоғалған кітапты тапты. Ойынды бастама бұрын балалар кітапханамен, кітапхана бөлімдерімен таныстырылды. Балалар ойын арқылы тапқырлықтарын танытуға, оқуға деген қызығушылығы мен білуге деген құмарлығын арттыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік алды. Квест ойынының қорытындысында Сергеев Кирилл жеңімпаз атанды. Барлық балаларға дипломдар тапсырылып, тәтті сыйлықтар үлестірілді.


Үшінші күні апталық аясында «Ғажайып қоржын» атты дидактикалық ойын ұйымдастырылды. Іс-шараға №11 жалпы білім беретін мектептің оқушылары белсене қатысты. Ойын барысында оқушылар өз білімдерін көрсетіп, жазырылған жазушылар мен олардың шығармаларын, шығарма кейіпкерлерін дәл тауып, тапқырлықтарын көрсетті. Балаларға ойын қатты ұнады.

Апталықтың төртінші күні бір кітап бенефисімен ерекшеленді. Бұл кітап – жарық көргеніне 325 жыл болған Ш. Перронның «Сказки моей матушки Гусыни...» кітабы болатын. Арнайы бенефис-көрме жасалды. Осы кітаптың әр

жасап, кітапханадағы ерекше ғажайып кітаптармен таныстырды Көрме жұртшылыққа өте ұнады. Апталық аясында 100-ге тарта бала көрмені көріп тамашалап, ерекше танданыстарын білдірді.

Апталыққа №2 және №9 үлгілі кітапхана-филиалдары да өз үлестерін қосты. Олар онлайн форматта «Кітап сенің ақылғой, адал досың» атты әдеби саяхат және «Кітап – ғажайып әлем» атты библио-трансформер ұйымдастырды. Апталықтың жабылу салтанатында әсем әндер шырқалып, өлеңдер оқылып, барлық қатысушыларға Алғыс хаттар табыс етілді.

Жыл сайын тойланатын кітап мерекесінің басты мақсаты – жас оқырмандарды рухани азық көзі кітап әлемімен таныстыру, шығармашылық қиялын,



бетіне шолу жасалып, шығу тарихымен таныстырылды. Іс-шараға №26 мектептің оқушылары қатысты.

Апталықтың тағы бір ерекшелігі «Әр бала бақытты болуға лайық» атты ассорти-көрме болды. Көрмеге кітапханадағы ерекше кітаптар, соның ішінде ең кішкентай, ең үлкен кітап, сөйлейтін кітап, 3D кітап, кітап-театр, видео форматты т.б. кітаптар қойылды. Кітапханашылар ассорти кітап көрмесіне шолу

логикалық қабілетін дамыту болатын. Балалардың бал-бұл жайнаған жүздерін көріп, сыңғырлаған күлкілерін естігенде еңбегіміздің нәтижесін көргендей болдық. Мерекеге белсене қатысқан мектеп ұжымдарына алғыс білдіреміз.

Салтанат НҰРЛЫБАЕВА, балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ – ЖОЮ МІНДЕТ!

САЛДАРМЕН ЕМЕС, СЕБЕППЕН КҮРЕСУ ҚАЖЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес әрбір қазақстандықтың міндеті.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамуы елдердегі біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр бақылау, зангерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа неміқұрайлықты танытуы кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынша танытпай, жұмыс жүргізбеуде де, жемқорлықтың тамырын тереңдетуі түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы саялауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тартылатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Әділдік жоқ жерде пара белен алады, «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, төрелігін неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз соғ саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Елбасы Жолдауында: «Заңды бұзған екенсің оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі заңды қалай бұрсаң солай бұралатын тәртіптің керін қайталайтын боламыз», – деп атап көрсеткен. Ендеше жемқорлықты жоюды мақсат еткен мемлекеттік кірістер басқармасы да Жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

Қымбат ҚАЗБЕКОВА, Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

ТАРИХ – ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС!

Осы күні тарихты жазатын адамдар көбейіп кетті. Ол бір жағынан дұрыс та болар. Әр ауыл, әр ру өздерінің тарихын түгендеп, кейінгі ұрпаққа қалдырғаны жөн. Бірақ тарихты жазу үшін ол жағдайды терең зерттеп, анық-қанығына көз жеткізіп алған абзал. Ғасырлар бойы Қараөңгір-Сарыөңгір өзенінің қиылысында тұрған Домбауыл батыр кесенесін бір «білгіш» Сарысу өзенінің бойына апарып орналастырып қойғанын оқығанда бір сілкініп алғаным рас. Меніңше, тарихқа қалам сілтегенде ұрпақты дүдәмәл жағдайға тап қылатын мұндай қателіктерді жіберу – үлкен қылмыс.

Менің Бағаналы елінің үш арысы түскен сурет жайлы зерттеуімде олардың қарабала Қалманбай, шағыр Бұзау, Жабай Кенжебай екенін айтқан едім. Кеңірек зерделей келе мен – Кенжебай болыстың, зайыбым Тиыштық Әбдіқаппарқызы – Бұзау болыстың немересі болып шықты.

Тиыштық Бұзауова қазіргі таңда арамызда жүрген Бұзау болыс немерелерінің ең үлкені. Бұзау болыс туралы балалары Әбдіқаппар, Әбдісаттар, немересі Базыл аталары жайлы көп әңгіме айта бермейтін. Себебі кешегі дүрбелең кезеңдегі көрген қиындықтары әлі де естерінен кетпеген сияқты. Дегенмен,

от басы, ошақ қасында айтылатын кейбір әңгімелер барысында Бұзау болыстың қандай адам болғаны туралы естеліктерге барынша мұқият зер салуға тырысатынымын. Осылайша тарихқа деген құштарлығым ашыла түсті.

Ендігі әңгіме Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің №7 санында жарияланған «Бұзау болыс және Тұқы» деген мақалаға қатысты. Аталған мақалада келтірілген деректердің жалпы желісі дұрыс, бірақ зерттелмей, асығыс жазыла салғаны көрініп тұр. Бұлай деуіме бірнеше себеп бар: біріншіден, Тұқы қай жылдары өмір сүрген және руы кім? Егер автор Тұқыны батыр, бай етіп көрсеткісі келсе, бұл образы сәтті шықпаған сияқты.

Барымтаға түскен малын қуып барып, інісінен айрылып, өзі таяқ жеп, қамалып қалса, оны сонша жария қылып айтудың не қажеті бар?

Бұзау болыс 1860 жылы өмірге келген. 1917 жылы сәуір айында қайтыс болған. Бұзау 19 жасында, яғни 1877 жылы болыс болып сайланған. Осы лауазымын 1917 жылға дейін, яғни дүниеден өткеше атқарған. Осы деректердің негізінде Тиыштық екеміз кітап жазуды жөн көрдік. Алғашында Бұзау болыс туралы еңбек жазу жөнінде жазушы Аппаз Қаражігітұлына ұсыныс тастандық. Ол түрлі себептерін алға тартып, жазбайтынын айтты. Осылай Бұзау бо-

лыс туралы кітап жазу міндетін өз мойнымызға алуға тура келді. Сөйтіп, 2018 жылы «Бұзау болыс» деген кітап жарық көрді.

Қазір кей басылымдарда Бұзау болыс екі ретке дейін болыс болып сайланған деген ақпараттарды айтады. Ол дұрыс емес. Маған сенбесеніңдер, архивті ақтарып, шынайы мәліметке көз жеткізуге болады. Бұл туралы Сабыр Шарипов өзінің 2 томдық еңбегінде нақты жазған болатын.

«Бұзау болыс және Тұқы» мақаласында автор біздің «Бұзау болыс» кітабындағы мағлұматтарды әр жерінен теріп-теріп алғаны көрініп тұр. Ол ұят шаруа деп білемін. Сосын кейбір тұлғалар туралы әлі толық зерттеліп, дәлелденбеген деректерді жазу дұрыс емес. Мақалада Бұзаудың баласы Ыбырай 1913-1914 жылдары Телкөлге болыс болғаны айтады. Ол Бидаш апайдың ықпалына байланысты. Шағыр Мұқыш болыс болды деген ақпарат шындыққа жанаспайды. Бұзау болыс 1917 жылы өмірден өткеннен кейін, Қазақстан аумағында сайлау жүргізілмеген. Бұл тұста Ресей империясы сайлау өткізбек тугілі, өз қара бастарымен қайғы болып жатқан еді. Сол себепті негізсіз дерек айтудың түк те қажеті жоқ.

Асқар ЕРМЕКБАЙҰЛЫ,
қоғам қайраткері.

Жастар – қоғамның қозғалышы күші. Жастық шақта жастар бойында өмірге деген құлшыныс, серпіліс, алға ұмтылушылықтың ерекше кезі. Осы асау құлшынды көңілдері ойнақтап тұрғанда жастарға дұрыс бағыт-бағдар, ақыл, адал жолға жетелеу қажет.

ЖАСТАР – ЖАСАМПАЗ КҮШ



Аумалы-төкпелі заманға сай қажет дағдыларды бойларына қалыптастырған жөн. Еліміз көпконфессиялы, зайырлы, құқықтық мемлекет. Яғни зайырлы мемлекеттің принциптері-толеранттылық болып табылады. Толеранттылық – өзге ұлт, этностың тіліне, дініне құрметпен қарай отырып, сыйластық пен татулықта өмір сүру. Толеранттылық – рухани бірлікке апаратын жол. Қаламызда жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға байланысты түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Жастардың ең бастысы, жат ағымның жетегіне еріп кетпеудің алдын алу мақсатында діни сауатты мамандар-

мен тренинг, сұхбат, кездесулер өткізіледі. Біз ұлт ретінде еліміздің тұтастығы мен бірлігін, тәуелсіздігін сақтауда бірінші, қауіпсіздікті естен шығармауымыз керек. Президентіміз Қ. К. Тоқаев жастар туралы: «Дана халқымызда «Қатарыңның алды бол!» деген баталы сөз бар. Бұл игі тілек жастарға ерекше рух беріп, жігерлендіру үшін айтылады» деген сөзінен ұғарымыз – жастарды қолдауымыз қажеттігін көрсетеді. Ендеше, діни сауатты, зияткер, көптілді, ашық ойлы, жан-жақты дамыған тұлғаны даярлау – жарқын болашағымыздың кепілі.

Ізгілеу ТҮСПӨВ.

МЕМЛЕКЕТ пен АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДИАЛОГЫ –

БҮЛ ЕКІ ЖАҚТЫ ЖОЛ

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы күндерінен бастап мемлекеттің басты міндеті халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. Бұл үшін Үкімет реформалар жүргізуде, заңнаманы жетілдіруде, түрлі жобаларды инвестициялауда және т.б. Алайда оның барлық бастамалары азаматтық қоғам тарапынан қолдау мен түсіністікке ие бола бермейді.

Оның негізгі себебі қоғам мен мемлекет арасында тиісті деңгейде ашық диалогтың болмауы. Қабылданатын мемлекеттік шешімдер әрдайым кенінен түсіндіріле бермейді. Сондай-ақ, мемлекет арқашан халықтың пікірі мен тілегін тыңдайды және есті бермейді. Мұның бәрі реформалардың сәтсіздігіне әкеліп соғады, халықтың билікке деген сенімсіздігін тудырады.

Сонымен қатар, жұртшылықты толғандыратын маңызды мәселелер сындарлы азаматтық диалог шеңберінде талқылануы және өз шешімін табуы тиіс, ол өзгелерді, соның ішінде балама пікірлерді тыңдауға және дұрыс шешімдер табуға мүмкіндік береді.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында: «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына көшу туралы жариялады, оның міндеті – мемлекеттік аппараттың халықпен және бизнеспен коммуникациясын тиімді жүйесін құру, өйткені «халық үніне құлақ асатын мемлекет» халықтың қолдауы мен сеніміне не бола отырып, өз саясатын тиімді іске асыру мүмкіндігіне ие болады.

Мемлекет тарапынан қоғаммен байланыс орнатуға арналған платформа қазіргі өзінде құрылғанын, халықпен кері байланыстың көптеген арналары пайда болғанын, олардың кейбіреулері қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін мойындау керек:

Қызмет көрсету <https://eotinish.kz> кез-келген мемлекеттік органға (әкімдіктерге, агенттіктерге, министрліктерге,

комитеттерге) және басқа мекемелерге кезексіз және бюрократиялық кідіріссіз, үйден шықпай-ақ ресми өтініш беруге мүмкіндік береді;

Мемлекеттік органдар бірінші басшыларының блог-платформасы <https://dialog.egov.kz> ол «Ашық диалог» порталының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады және кез келген азаматқа тікелей әкімге не мемлекеттік органның бірінші басшысына қызықтыратын сұрақты қоюға мүмкіндік береді;

«Ашық НҚА» порталдары – нормативтік-құқықтық актілер жобаларын жария талқылауға арналған платформа және «Ашық бюджеттер» порталдары кез келген әкімдіктің немесе мемлекеттік органның бюджетімен танысуға мүмкіндік береді;

«Ашық деректер» порталы – бұл машинамен оқылатын түрде мемлекеттік органдардың жалпы қолжетімді статистикалық деректері орналастырылатын алаң;

Қызықтыратын сұрақтарды қоюға немесе онлайн режимінде өтініш білдіруге мүмкіндік беретін «Ашық диалог» порталының интернет-конференциялары мен сауалнамалары;

Қазақстанның мемлекеттік органдарының бірыңғай платформадағы Интернет-ресурстары <http://gov.kz/>;

Мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілердегі шағыммен, ұсыныспен, сұрақпен жүгінуге, қабылдауға жазылуға болатын ресми аккаунттары;

Сенім телефондары және call-орталықтар; Фронт-офистер;

СӘУІР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ


(Жезқазған уақыты бойынша)

СӘУІР	Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінті намазы	Ақшам намазы	Құттан намазы
1	Жұма	05:40	07:05	13:36	18:04	20:02	21:27
2	Сенбі	05:38	07:03	13:36	18:05	20:03	21:29
3	Жексенбі	05:36	07:01	13:36	18:06	20:05	21:30
4	Дүйсенбі	05:34	06:59	13:35	18:07	20:06	21:32
5	Сейсенбі	05:31	06:57	13:35	18:08	20:07	21:34
6	Сәрсенбі	05:29	06:55	13:35	18:09	20:09	21:36
7	Бейсенбі	05:27	06:53	13:34	18:10	20:10	21:37
8	Жұма	05:24	06:51	13:34	18:11	20:12	21:39
9	Сенбі	05:22	06:49	13:34	18:12	20:13	21:41
10	Жексенбі	05:20	06:47	13:34	18:13	20:15	21:43
11	Дүйсенбі	05:17	06:45	13:33	18:14	20:16	21:44
12	Сейсенбі	05:15	06:44	13:33	18:15	20:17	21:46
13	Сәрсенбі	05:13	06:42	13:33	18:16	20:19	21:48
14	Бейсенбі	05:10	06:40	13:33	18:17	20:20	21:50
15	Жұма	05:08	06:38	13:32	18:17	20:22	21:52
16	Сенбі	05:06	06:36	13:32	18:18	20:23	21:54
17	Жексенбі	05:03	06:34	13:32	18:19	20:25	21:56
18	Дүйсенбі	05:01	06:32	13:32	18:20	20:26	21:58
19	Сейсенбі	04:58	06:30	13:31	18:21	20:27	21:59
20	Сәрсенбі	04:56	06:28	13:31	18:22	20:29	22:01
21	Бейсенбі	04:54	06:27	13:31	18:23	20:30	22:03
22	Жұма	04:51	06:25	13:31	18:24	20:32	22:05
23	Сенбі	04:49	06:23	13:31	18:25	20:33	22:07
24	Жексенбі	04:47	06:21	13:30	18:26	20:34	22:09
25	Дүйсенбі	04:44	06:19	13:30	18:27	20:36	22:11
26	Сейсенбі	04:42	06:18	13:30	18:28	20:37	22:13
27	Сәрсенбі	04:40	06:16	13:30	18:28	20:39	22:15
28	Бейсенбі	04:37	06:14	13:30	18:29	20:40	22:17
29	Жұма	04:35	06:12	13:30	18:30	20:41	22:19
30	Сенбі	04:33	06:11	13:29	18:31	20:43	22:21

Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.

СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.



ТІГІНЕН:

1.Бұқара халық, көпшілік. 2.«Гюмуш» сериалындағы қыз. 3.Эфиопия әйел патшасы. 4.Ұлы жүздің бағыры. 5.Қазақ батыры. 6.Өзербайжанды түбек. 7.Қуырлыған бидай. 10.Аға епископ. 11.Мұхитты зерттейтін ғылым. 14.Жолдың қиылысы. 15.Ашымаған сыра. 18.Авиценна. 19.Құдайға құлшылық ету. 20.Арамшөп. 21.Халық өні. 23.Чилидегі шөл. 25.Тығын ашатын құрал. 26.Театр жарнамасы.

КӨЛДЕНЕҢНЕН:

1.Әуесқойлықтың түрі. 4.Солтүстік полярлық аймақ. 8.Президенттік салтанат. 9.Түйенің бірі. 11.Шетел автосы. 12.Аңыздағы жомарт адам. 13.Солтүстіктегі орман. 15.Неміс физигі. 16.Құлдар гладиаторы. 17.«Қалың мал» авторы. 19.Бидайдың басы. 22.Ежелгі грек жиналысы. 24.Күйеуінің ағасы. 27.Тұқы балық (орыс.). 28.Америкалықтың тағы бір аты. 29.Спорт шолушысы. 30.Жердің құнарлы қабаты. 31.Үй құстарының орны.

ГАЗЕТТІҢ № 12 (8275) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ:

ТІГІНЕН: 1.Құлап. 2.Мырыш. 3.Құман. 4. Кемер.5. Шетен. 6. Киоск. 10.Қақа. 11.Сығым. 12.Мысық. 13.Сынап. 14.Намаз. 15.Калан. 16.Ермен. 17.Үндеу. 23.Қабак. 24.Қазық. 25.Тамыз. 26.Қымыз. 27.Радио. 28.Шығыс. 32.Тарих. 33.Сұрақ.34.Қария. 35.Шырақ. 36.Роман. 37.Арман. 38.Қурай. 39.Баран. 45.Құмай. 46.Рикша. 47.Саңақ. 48.Қашақ. 49.Табак. 50.Самай. 54.Ғайып. 55.Жасақ. 56.Аспан. 57.Тырна. 58.Пақыр. 59.Сайыс. 60.Зорге. 61.Гидра. 67.Қайшы. 68.Жылым. 69.Антей. 70.Морзе. 71.Нәпсі. 72.Адамс.

КӨЛДЕНЕҢНЕН: 7.Бұрыш. 8.Мүшел. 9.Берия. 11.Сағым. 13.Сәкен. 15.Кенсе. 18.Ғарыш. 19.Шыбын. 20.Рауан. 21.Крона. 22.Жайық. 24.Қырат. 26.Қаһар. 28.Шекер. 29.Мазак. 30.Пайыз. 31.Нарын. 33.Салық. 35.Шығыр. 37.Айшық. 40.Тамұқ. 41.Қауыз. 42.Зорро. 43.Сунақ. 44.Сирақ. 46.Рибас. 48.Қанат. 50.Сапар. 51.Құпия. 52.Қазан. 53.Нанай. 55.Жақша. 57.Талап. 59.Самаз. 62.Сарай. 63.Астық. 64.Қабак. 65.Иосиф. 66.Пышақ. 68.Жарна. 70. Мықын. 72.Агера. 73.Қауын. 74.Ангор. 75.Сәлде. 76.Ұшық. 77.Темза. 78.Осама.

ДҮЙСЕНБІ ІІ СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Másele». 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Арта». 16:10 «Қаныш. Қазына». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «1001 түн». 0:35 Aqparat. 1:10 «Ashyq alaň». 2:00 «Жәдігер».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер».

СЕЙСЕНБІ І2 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Ұлы дала ұлағаты». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Ғарышты бағындырған тарлан». Д/ф. 16:10 «Қаныш. Қазына». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «1001 түн». 0:35 «Көңіл толқыны». 0:50 Футбол. УЕФА Чемпиондар лигасы. «Бавария» (Германия) – «Вильярреал» (Испания).

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом

СӘРСЕНБІ І3 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жер төресі». Д/ф. 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Қаныш. Қазына». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Ынтымақ ауылы». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «1001 түн». 0:35 «Көңіл толқыны». 0:50 Футбол. УЕФА Чемпиондар лигасы. «Ливерпуль» (Англия) – «Бенфика» (Португалия).

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит.

БЕЙСЕНБІ І4 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ынтымақ ауылы». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жан жылғы». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Қаныш. Қазына». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Ынтымақ ауылы». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «1001 түн». 0:35 «Көңіл толқыны». 0:50 Футбол. УЕФА Еуропа лигасы. «Барселона» (Испания) – «Айнтрахт» (Германия).

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит.

ЖҰМА І5 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Ынтымақ ауылы». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Қаныш. Қазына». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Ынтымақ ауылы». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Көңіл толқыны». 0:00 «Parasat maidan». 0:30 Aqparat. 1:05 «Теледәрігер». 1:55 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 «Бір туынды тарихы». Ғашықтар жыры.

СЕНБІ І6 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:30 Aqparat. 7:05 «Күй-керуен». 7:40 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:40 «Өйел әлемі». 9:15 «Зинһар». 10:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:50 «Назар аудар» театрының концерті. 14:50 «Дала дауысы». К/ф. 16:35 Ернар Айлардың концерті. 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». Т/х. 23:40 «Көңілашар». 0:30 «Зинһар». 1:10 «Másele». 1:50 «Өйел әлемі». 2:20 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 Т/х марафоны. «Няня аға». 8:45

ЖЕКСЕНБІ І7 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:35 «Күміс көмей». 7:25 «Талруу». 8:00 «Aqsaýıt». 8:25 «Сағандырған әндер-ай». 10:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:50 «Вольт». М/ф. 15:20 «Өн мен әнші». 16:50 «Күй-керуен». 17:25 «Өйел әлемі». 18:00 «Гүлдер құпиясы». Т/х. 20:00 «Арта». 20:50 «Жүзден жүйрігі». 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Көңілашар». 0:30 «Арта». 1:20 «Күміс көмей». 2:10 «Aqsaýıt».

ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 Т/х марафоны. «Няня аға». 8:45

15:00 «Бүгін». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Бекзат». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Астана кеші көңілді». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «100% махаббат». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сулеймен Султан». 02:30 «Ұлым». 03:10 «Шыңғысхан». 03:50 «Astana times». 04:40 «Келіндер».

Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Қаныш Сәтбаев. 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Ерекше бақылауда». 20:45 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Бекзат». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «100% махаббат». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарында-

12:00 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «100% махаббат». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сулеймен Султан». 02:30 «Ұлым». 03:10 «Шыңғысхан». 03:50 «Astana times». 04:40 «Келіндер».

12:00 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «100% махаббат». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сулеймен Султан». 02:30 «Ұлым». 03:10 «Шыңғысхан». 03:50 «Astana times». 04:40 «Келіндер».

12:30 Т/х. «Бәсеке 2». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «100% махаббат». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Сулеймен Султан». 02:30 «Ұлым». 03:10 «Шыңғысхан». 03:50 «Astana times». 04:40 «Келіндер».

«Өзін-өзі таңу». 9:00 «XXI ғасыр көшбасшысы». 10:00 «Tangy fresh». 10:30 Кино. «Қыз Жібек». 13:00 Т/х марафоны. «Тракторшының махаббаты». 16:00 Кино. 18:00 Хит жазамыз. 19:15 «Маска» 2 маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистских расследований. Ближе к делу». 23:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Шыңғысхан». 16:45 «Шаншар». 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Бизнес по-казахски» х/ф. 01:20 «Сулеймен Султан». 02:50 «Ұлым». 03:30 «Астана кеші көңілді». 04:20 «Үздік әзілдер».

«Самопознание». 9:00 Концерт. 10:00 Кино. «Қыз Жібек». 12:30 Т/х марафоны. «Ана жүрегі». 14:00 «Маска» 2 маусым. 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Көкжалдар» х/ф. 14:00 «Алараспан». 18:00 «Бизнес по-казахски» х/ф. 20:00 «SaparTimes». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «100% махаббат». 02:15 «Сулеймен Султан». 03:45 «Ұлым». 04:30 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Дау-дамайсыз». 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:40 «Юморина». 11:40 «Сумасшедшая любовь». 13:40 «Отречение». 15:30 «Королева бандитов». 17:30 «Тогжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Другие». 23:40 «Волк», детектив. 01:30 «Королева бандитов». 03:00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Смеяться разрешается». 10:00 «Незакрытая мишень». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский док-

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 10:00 Новости. 10:40 «Другие». 12:40 «Волк», детектив. 14:30 «Одиночка», детектив. 15:30 «Королева бандитов». 17:30 «Тогжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Другие». 23:40 «Волк», детектив. 01:30 «Королева бандитов». 03:00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Смеяться разрешается».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 10:00 Новости. 10:40 «Другие». 12:40 «Волк», детектив. 14:30 «Одиночка», детектив. 15:30 «Королева бандитов». 17:30 «Тогжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Другие». 23:40 «Волк», детектив. 01:30 «Королева бандитов». 03:00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Смеяться разрешается». 10:00 «Незакрытая мишень». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Зын-зын Күлпәш». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 10:00 Новости. 10:40 «Другие». 12:50 «Любови пелительная сила». 14:30 «Одиночка», детектив. 15:30 «Королева бандитов-2». 17:30 «Тогжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Другие». 23:40 «Любови пелительная сила». 01:20 «Королева бандитов-2». 02:50 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Смеяться разрешается». 10:00 «Я беру твою семью». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Зын-зын Күлпәш». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:10 «Ozat отбасы», ток-шоу. 10:00 Новости. 10:50 «Другие». 12:50 «Любови пелительная сила». 14:30 «Одиночка», детектив. 15:30 «Королева бандитов-2». 17:30 «Тогжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Арнайы репортаж». 20:35 «Дау-дамайсыз». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Охотники за караванами». 01:20 «Королева бандитов-2». 02:50 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Смеяться разрешается». 10:00 «Я беру твою семью». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:20 «Судағы із», т/х. 08:00 «Көңілді отбасы». 08:55 «КТКweb». 09:20 Новости. 10:00 «Смеяться разрешается». 11:40 «Охотники за караванами». 15:30 «Корейдағы махаббат», к/ф. 17:20 «Шаншар». 20:00 «Ақ мама», реалити-шоу. 21:00 «Большие новости». 22:00 «Малыч мой». 01:40 «Отречение». 02:50 «Корейдағы махаббат», к/ф. 04.10-04.30 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:00 Jaidarman. 09:00 «Орел и решка». 11:00 «Мамының сыноу». 15:00 Мәдина Сәдуақасованың «Жұлдыз»

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Өн мен әнші». 09:30 «Юморина». 11:40 «Второе дыхание». 15:30 «Бірбеткей ғашықтар», к/ф. 17:00 «Өн мен әнші». 20:00 «Ақ мама», реалити-шоу. 21:00 «Портрет недели». 22:00 «Сумасшедшая любовь». 23:50 «Одиночка». 01:30 «Бірбеткей ғашықтар», к/ф. 02:40 «Өн мен әнші». 04.00-04.30 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:00 Jaidarman. 09:00 Шоу «Маска». 12:00 «Никонов и Ко».

тор». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Незакрытая мишень». 21:30 «\$әке 2». 22:30 «Қадам». 23:10 «Зын-зын Күлпәш». 00:10 «Гадалка». 01:00 «Айбат». 01:30 «Студия 7». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:15 «Япырай». 03:45 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 Таңғы жаттығу. 08.05 Док/фильм. 09.00 «Ән шашу». 09.30 Мультифильм. 10.00 «Сказ о матери» Худ/фильм. 11.20 Дүниені дүр сілкіндірген күндер» Д/ф. 11.50 «Ән шашу». 12.30 Д/ф «Ұлы жазушылар». 13.30 «Қыз Жібек» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультифильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Асыл арман». 18.05 «Сауран» Д/ф. 18.35 «Еске алу». 18.50 Мультифильм. 19.00 «Ән шашу». 19.20 Д/ф «Өркеннет

10:00 «Незакрытая мишень». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Зын-зын Күлпәш». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Көзайым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Незакрытая мишень». 21:30 «\$әке 2». 22:30 «Қадам». 23:10 «Зын-зын Күлпәш». 00:10 «Гадалка». 01:00 «Айбат». 01:30 «Студия 7». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:15 «Япырай». 03:45 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

ДИДАР

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Құрметті облыс тұрғындары, жерлестер!

Сіздерді күллі мұсылман қауымы асыға күткен қасиетті рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа шаттық пен бақыт, бірлік пен береке тілеймін! Баршаңызға Жаратқан Ием жар болсын! Рамазан айы – жер бетіндегі Алланы бір деп мойындаған, иманның шарттарына шүбәсіз сенген адамзат баласының сағынып күтетін, бізге екі дүниенің бақытының есігін ашатын қасиетті Құран Кәрім аяттары түсе бастаған сондай бір мұбарак ай.

Шындығында ораза басқа негізгі ғибадаттарға қарағанда Алла тағала алдында өзіндік ерекшелігімен дараланады. Себебі, пайғамбарымыз (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) біздерге баяндағандай «Әрбір жақсылық оннан жеті жүз есеге дейін еселенеді. Ораза болса Мен үшін оның сауабын Өзім беремін» деген.

Бұл айдың басты ерекшелігі, Алла Тағала Исламның бес парызының бірі болған оразаны парыз етті. Екіншіден, адамзат баласын тура жолға бағыттайтын, ақиқат пен жалғанды, сауап пен күнә арасындағы парықты айқындап беретін қасиетті Құран осы айда түсірілді. Сондықтан бұл айда оқылған Құран аяттарының сауабы, атқарған ізгі іс-амалдардың сауабы өзге айларға қарағанда еселеп артады.

Құран Кәрімнің Зумар сүресінің 10-шы аятында «Сабыр қылушылар сауаптарын есепсіз алады», – деген. Ораза сабырлықтың жартысы болады, сауабы есептеуге келмейді.

Оразаның әрбір мүмінге міндетті құлшылық екендігін Хақ тағала:

«Уа, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, тақуалыққа жетулерің үшін, ораза ұстау сендерге де парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят), – деген аят білдіреді.

Ораза – күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтың азығы, тәтті шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Ораза нағыз шынайы тақуалық пен сабырлыққа жетелейді.

Біздің халқымыз ежелден рамазанды ерекше қастерлеп: «Он екі айдың сұлтаны», – деп атаған. Берекесі мол айда жарамазан жырын айтып, оразаның келгенін қуанышпен жеткізіп, насихаттаған.

ҚАДІРЛІ АҒАЙЫН!

Алланың раһым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған орамамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке-бірлік нәсіп етпей! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, халқымыздың бірлігі нығайып, берекесі арта бергей! Тәуелсіздігіміз әрқашан баянды болғай! Әумин!

Өмірзақ қажы БЕКҚОЖА, ҚМДБ Қарағанды облысының бас имамы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Дәретін алды алашым жуып білек, Сәресін ішті бойын буып тілек. Содан соң сүйіншілесіп шаттанды өне, Дәридай, Мұқаш ақын туыпты деп!

Құттықтап, қуанысып ай-хай бәрі, Аспанды дірілдетті айқайлары. Теренде тұнып жатқан сыр оянып, Есіме түсті менің қай қайдағы...

... Жазылмас тәуіптердің жүз еміне, Өлең дерт. Қатар қондық біз еліне. Айттыста әруақтап қатар шаптық, Айырмай тілекті де, тізені де.

Кейде алып, кейде алмадық жүлдені біз, Сағыныш бүгін сол бір күндеріміз. Көрмедік қабақ шытып сыйлық үшін, Сый ғой деп сыйласып бұл жүргеніміз.

Өмірдің жалғандығын біліп, ойлап, Салмадық жүрген жерге бүлік ойнақ. Атақ, даңқ, дүние, байлық қызықтырмай, Жарастық жаяу жүріп, күліп-ойнап.

Қызықпай мансапқа сен, шенге мен де, Кең жүрдік кей тізімге еңбегенде. Жаратқан соған разы болды ма екен? Атандық ақын-әкім сен де, мен де.

Сыйлады ел мұнымызға құптай қарап, Шығарды төрлеріне құттай қалап. Дегенмен тағдыр сені шын өксітті, Шалқайып жүргенімнен шытпай қабақ.

Бермейтін кейде жауап сұрағыңа, Жазмышқа шара бар ма сіре мына? Жаратқан сынға салар сырттандарды, Шыдарын білгеннен соң сынағына.

Ушса жан кимай жылап тән ұядан, Гүл жайнап қала берер фәни әмән. Айырылып өттеген-ай қалдың Мұқа, Сән берген өміріңе Сәлиядан.

Бекіткен қос тағдырды құлыпты ашып, Кетті ажал жүрегінді жұлып қашып. Жалп етіп күні өшкен соң көңіліңнің, Қалдың сен қабағыңды бұлт басып.

Деуменен ұрпағымыңның құтын үсте, Шыдайсың көз жасыңды жұтып ішке. Жүресің, күлесің де қызық көрсен, Ұтыс де, мейлі мұны ұтылыс де.

Жұбанып, келер күннен қызық көріп, Жүзге жет ғасыр бойлай жүзіп келіп. Жүре бер елің сүйген өлеңіңнің, Жемісін әр қазаққа үзіп беріп.

Әнуар ОМАР.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Saryarqa» газеті «Қыз өссе – елдің көркі» атты сұлулар байқауын ұйымдастырады. Байқауда 18-35 жас аралығындағы сәні мен сымбаты келісті, өз кәсібінде биіктен көріне білген нәзікжандылар бақ сынап алады. Әр ай сайын газет бетіне суреті жарияланған арулар арасында «Saryarqa» газетінің сайты мен фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілерінде публикациялар жарық көріп, лүпіл (лайк) санымен жеңімпаз анықталады. Жыл соңында ең көп лүпіл жинаған сұлуларға жүлделі орындар тағайындалып, кәделі сыйлықтар табысталамын болады. Байқауға қатысушылар бет-әлпеті, бойы анық көрінетін сапалы фотолары мен өздері туралы қысқаша ақпаратты sa_jez@mail.ru электронды мекен-жайына немесе 8 777 457 31 72 уатсап нөміріне жолдай алады.

Қыз өссе – елдің көркі



Айкерім АЛТЫНБЕК

25.07.1994 жылы дүниеге келген. Жезді кентінің тумасы. Мейрбике мамандығын меңгерген ару бүгінде Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасында жұмыс істейді. Дертін дәрі іздеген жандарға жанашырлық танытып, абзалына айналған ару өз әріптестері арасында да сыйлы.

Бүгінде екі баланың аяулы анасы, асыл жар, инабатты келін атанып үлгерген ол қонақ күткенді жақсы көреді. Айкерім сұлу бармағынан бал тамған аздаздық қасиетімен де көпті тәтті етіп жүр. Түрлі тәтті тағамдар әзірлегенді жақсы көретін ол ибалы да көркем мінезімен көптің батасын алып жүр.



Алеу МИЗАМБАЙ

13.03.1996 жылы Жезді кентінде дүниеге келген. Бала күнінен оқуда да, өнерде де алда болған Арзу мектеп табалдырығын тәмамдаған соң заң саласын таңдады. Заңгер мамандығын меңгерген ол, қазіргі таңда Жезқазған қалалық сотында кеңсе бас маманы болып қызмет атқаруда. Ол болашақта біліктілігін шындап судья болуды мақсат еткен. Қылықты һәм көркем ару өз ортасында сыйлы, отбасында ардақты. Іні-сіңілілеріне үлгі болып жүрген ол бос уақытында мотивациялық кітаптар оқығанды, саяхаттағанды жақсы көреді.

Он саусағынан өнер тамған Ақбөпе

Қыз баласының тәрбиесіне қырын қарамазан қазақ халқы оны жастайынан жақсы істерге баулыған. Он саусағы майысып, өресін өнер жасулаған қыз-келіншектер қашан да сыйлы. Бүгінгідей ұлттық жәдігерлер қайтадан сәнге еніп, сұраныс та артқан уақытта қолөнердің қыр-сырын білетін мамандар тіптен жоғары бағаланады. Қолына ине-жіп алып, құрақ құрай алмайтын қазақ қызы аз. Дегенмен, солардың ішінде Ақбөпе МОЛДАБАЙДЫҢ қолынан шыққан еңбектер айрықша әсем де көркем екенін мойындау қажет.



өнеге-тәлімін бойына сіңіріп өсті. 1992 жылы атамекенге оралған ол еңбек жолын еңбек пәнінің мұғалімі болып бастады. Екі жылдан кейін теңіз кездестіріп, тұрмысқа шықты. Осылайша Қарсақбайдағы орта мектепте жұмыс істеді. Жолдасы әскери қызметкер болуына байланысты бір жылдан кейін Жезқазған қаласына көшіп келді. Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы негізінде мысты шаһардан үй алып, тыңғылықты тіршілігін жалғастырды. №7 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейге жұмысқа орналасты. Бүгінде Ақбөпе ханымның Жезқазған – Ұлытау колөнершілерінің арасында бәсі биік. Оның қолынан шыққан тері өнімдер талай өнер көрмесінің сәнін келтіріп жүр. Құрақ құраудың бірнеше түрін жіті біледі. Қаладағы бүлдіршін-

дер мен өнерпаздар мерекелік костюмдерін шебер Ақбөпе Молдабайға сеніп тапсырады. Одан бөлек тойшыл, сауықшыл сылқымдардың тағамына сай ерекше дизайнға көйлектерді де Ақбөпе ханым аса ыждаһаттылықпен, шынайы ықыласпен тігіп береді.

Бүгінде үш баланың анасы атанып, олардан 4 немере сүйіп отырған Ақбөпе Молдабай әр күніне шүкір айтып, еңбек етуден танған емес. Ұстаздық пен жеке кәсіпкерлікті қатар қолға алып, кәсібін дөңгелете білген ол болашақта жеке ғимаратта қазақ халқының ұлттық өнерін паш етіп, колөнерін дәріптейтін дүкен ашқысы келеді. Жаңа идеяларын ортаға салып, жоспарларымен бөліскен шебер Ақбөпе Молдабайдың алдағы істеріне біз де сәттілік тілейміз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

ЕСКЕ АЛУ

Құрман Сәркенұлы ҚАСЫМБЕКТЕГІ Руы – Қуат (Мұсағұл) 10.04.1972-11.05.2021 ж. ж.

Орғамызда болғанда 50 жасқа толар еді. Алланың ісіне не шара? Қол жайып еске алғаннан басқа. Арта қалған бала-шағасы аман болсын.

Еске алушылар: Теректі станциясының 1989 жылғы түлектері.



ІЗДЕУ САЛАДЫ

Баршагүл ТАЖИБАЕВА, Ақтөбе қаласының тұрғыны, Жезқазған қаласында құрылыс техникумын бітірген.

Құрбылары – Бисенкүл ЕСЕНБАЕВАҒА (1950 ж.т.), Зейіпін ЖАНПЕИСОВАҒА (1953 ж.т.) іздеу салады.